

Бөлек формат,
бірегей жоба

2-бет

Белгілі қаламгер
Т.Байтұрсынның
туғанына – 75 жыл

4-5-беттер

Тұлға
тағдырын
арқау еткен

8-бет

• БРИФИНГ

Болашақ бағыты айқын аймақ

Орталық облыс экономикалық өсімнің тұрақты қарқынын үдетпесе, кемітпеді. Быылғы 10 айдың қорытындысы бойынша инвестициялар көлемі 932,9 миллиард тенгеден асып, өнеркәсіптік өндіріс көлемі 4 триллион тенгеге жеткен. Өңірдің экономикалық дамуы мен кәсіпкерлікті қолдау шаралары туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте кеңірек баян етті.

Ерканат КЕҢЕСБЕКУЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өркендеген аймақтың өрісі кең

– Біздің өңір тұрақты көрсеткіштерін сақтап келеді: болат өндіру көлемі бойынша – бірінші, көмір өндіру және картоп өсіру бойынша – екінші, жұмыртқа өндіру бойынша – үшінші, астық жинау бойынша – төртінші орындамыз. Ел бойынша жұмыссыздық деңгейі ең төмен өңірлердің бірі – небәрі 4 пайыз, – деді аймақ басшысы.

Аймақ басшысы Ермағанбет Қабулаулы атап өткендей, өнеркәсіп дамуы, шағын және орта бизнесті қолдау, сондай-ақ, инвестиция тарту – өңір экономикасының

басты басымдықтары болып қала береді. Мұнда индустриялық аймақтар да белсенді дамып, шағын өнеркәсіптік алаңдар құрылып жатыр. Спикер Qagmet компаниясы

өндірісті жаңғыртуға 2028 жылға дейін 1,6 триллион теңге инвестиция салуды жоспарлап отырғандығын да тілге тиек етті. Кәсіпорын табиғи газға көшіп, цифрлық

технологияларды енгізуде. Сонымен қатар, өңірде жаңа өндіріс орындары ашылып, машина жасау, өңдеу өнеркәсібі және басқа да салаларда жобалар жүзеге асырылу-

да. Мысалы, Саран индустриялық аймағында келесі жылы Howo, Sitrak және Shantui маркалы жүк және арнайы техника шығару жоспарланған.

– Шағын және орта бизнес саласында басты назар – осу нүктелерін қалыптастыру мен кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған. Біздің облыс алғашқы болып бөлшек салық мөлшерлемесін 2%-ға дейін төмендетті. Соның нәтижесінде салық төлеушілердің саны 30 есеге өсіп, бүгінде төрт мыңнан асты. Ал, осы жылы арнайы салық режимі бойынша 5,6 миллиард теңге бюджетке түсті. Жаңа Салық кодексі күшіне енгеннен кейін де, мәслихаттарға 2%-дық мөлшерлемені сақтап қалу жөнінде ұсыным беретін боламыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Агроқешен ауқымы

Айта кетелік, облыста ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, өңірдің азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылуда. Аграрлық секторға салынған инвестиция көлемі екі есеге өсіп, 44 миллиард теңгеге жетті. Быылдың өзінде 18 жоба іске қосылған.

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14 12 ай 27 540,28	10 141,30 20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30 12 ай 12 282,60	5 891,30 11 782,60

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	10 500	23 540,28	15 782,60
Жеке жазылулар үшін	4 800	11 082,600	10 682,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспий QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Ақылды технологиядан айла аспайды

Ішкі істер министрлігі жариялаған «Профилактика жылы» аясында құқық қорғау органдарының жұмысына жаңа технологиялар жүйелі түрде енгізіліп келеді. Құқықбұзушылықтың алдын алып, қоғамдағы тәртіпті нығайту мақсатында өңірде «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру үшін интеллектуалды бейнебақылау жүйелері орнатылған.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазірдің өзінде 60-қа жуық жасанды зердесі бар бейнекамера Қарағанды аумағындағы маңызды нысандар мен адам көп жиналатын жерлерде жұмыс істейді. Олардың қатарында «Сарыарқа» әуежайы, теміржол вокзалы, ірі аялдамалар мен ауқымды даңғылдар мен көше киылысы бар.

Атап айтқанда, жүйе нақты уақыт режимінде жұмыс істейді. Камералар адамның бет-бейнесін автоматты түрде танып, агрессивті мінез-құлықты, көпшіліктің шамадан тыс жиналуын және өзге де күмәнді әрекеттерді бірден тіркеп қояды. Қажет болған жағдайда, бағдарлама деректі бірден полицияның кезекші бөліміне жібереді.

Облыстық полиция департаментінің басшысы Негмет Исмагуловтың айтуынша, мұндай интеллектуалды жүйелердің арқасында жыл басынан бері 50-ден астам құқықбұзушы анықталып, ұсталған.

– Бейнесаналитика қазірдің өзінде өз тиімділігін дәлелдеді. Жүйе іздеуде жүрген немесе сот шешімін орында-

маған тұлғаларды тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алимент төлеуден жалтарған, қарызын өтемеген адамдар да бірден анықталады. Мұндай технологиялар профилактикалық жұмыстың сапасын арттырып, қоғамда құқықтық тәртіпті нығайтуға ықпал етеді, – дейді департамент басшысы.

Бұл нақты іс жүзінде де жүзеге асып келеді. Мәселен, вокзал аумағындағы камера пробақиялық бақылаудағы азаматты анықтап, ұстауға мүмкіндік берген. Ал, басқа жағдайда жүйе алимент төлеуден жалтарып жүрген Қостанай тұрғынын тіркеп, полицияға хабарлама жіберген.

Облыстық полиция департаменті хабарлағандай, жасанды интеллект элементтері бар бейнекамералар қоғамдық тәртіпті сақтау және құқықбұзушылықтың алдын алу ісінде сенімді құралға айналды. Жасанды зерде қазір тек іздеу немесе талдау құралы ғана емес, қоғамдық тәртіптің де сақшысына айналды.

Қарағанды шаһарының көшелерінде орнатылған интеллектуалды бағдарламалар мен ақылды камералар адам мен көліктің қозғалысын бір мезетте бақылай алады. Бұл жүйелердің басты ерекшелігі де сол – жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілерінің тәртібін автоматты түрде талдай алуында.

– Қазір қылмыс сипаты да, тәртіп бұзу тәсілі де өзгерді. Біз адамдардың қозғалысын жедел талдайтын, мінез-құлықты бақылайтын жүйелерге сүйенеміз.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 601.07

•USD/KZT 522.49

•RUB/KZT 6.47

•CNY/KZT 73.34

Қазақстан Ұлттық Банкінің
12 қараша, 2025 жылғы дерегі бойынша

Болашақ бағыты айқын аймақ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бағаның өсуін тежеу үшін жергілікті өндірушілермен форвардтық келісімшарттар жасасып, нан пісіру кәсіпорындарын қолдап, әлеуметтік павильондар ашып жатырмыз. Онда фермерлер өз өнімдерін делдалсыз, тегін берілген сауда орындарында тікелей сата алады. Бір павильон ашылды, тағы екеуінің құрылысы жүріп жатыр. Бұл – қала тұрғындары үшін сапалы әрі қолжетімді өнім алу мүмкіндігі, ал, фермерлер үшін өткізу нарығын кеңейтуге жол ашатын тиімді алаң, – деді өңір басшысы.

Ермағанбет Бөлекпаевтың айтуынша, облыста егіс алқаптарын әртарап тандыру жұмыстары жүргізілуде. Биыл азықтық дақылдардың көлемі 30 пайызға артса, майлы дақылдар алқабы екі есеге



ұлғайған. Өңірде сүт өнімдеріне деген ішкі сұранысты жабу басты мақсаттардың бірі болып отыр. Нұра ауданында 1100 басқа арналған сүт-тауарлы ферма іске қосылып, жылына 9 мың тонна сүт өндіреді. Ал, Осакаров ауданында 6 мың басқа арналған ірі ферма салынуда, ол жыл сайын 55 мың тонна өнім өндіруді қамтамасыз етеді. Ермағанбет Бөлекпаев Saumal Biotech кәсіпорнын мысал ретінде келтіріп, оның бие мен түйе сүтінен жасалатын лиофилденген қоспалар мен мал азығын өндіретінін атап өтті.

– Өткен жылдан бастап бұл зауыт өнімін АҚШ-қа экспорттап, Қытаймен де серіктестік орнатты. Бұл – қазақстандық өнімнің шетелдік нарықта бәсекеге қабілетті екенін және жоғары сұранысқа ие екенін дәлелдейді, – деді аймақ басшысы.

Жалпы, агроөнеркәсіптік секторда 47 миллиард теңгеге 31 жоба жүзеге асырылмақ. Түп нәтижесінде 300-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады. Аймақта елдімекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту және өңірді газдандыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Инфрақұрылым игілігі

– Биыл 61 ауылдың 4 мыңнан астам тұрғыны таза ауыз суға қол жеткізеді. Жалпы, облыс халқының 98,7 пайызы бүгінде ауыз сумен қамтылған. Қалаларда бұл көрсеткіш 99,4 пайызды, ауылдарда 97,9 пайызды құрайды. Жыл соңына дейін ауыз су мәселесін толық шешеміз, – деді

аймақ басшысы.

Өңірде коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда 148 шақырымнан астам су құбыры және 44 шақырым кәріз желісі салынып, қайта жаңғыртылуда. Сонымен қатар, 22 шақырым жылу жүйесі ауыстырылып, үш қазандық жанартылды. Арнайы мемлекеттік қор қаражаты есебінен тоғыз жоба аясында жаңа су құбыры желілері салынып жатыр. Өңірді орталықтандырылған газбен қамтамасыз ету де басты басымдықтардың бірі болып қала береді.

– Қарағанды, Теміртау және Шахтинск қалаларында 9,5 мың үйге дейін газ таратушы желілер тартылды. Бүгінгі күні 5771 үй газға қосылды. Жыл соңына дейін қосымша үш мың үйді газбен қамтуды жоспарлап отырмыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларға газға қосылу бойынша көмек көрсетілді. Қалған тұрғындар ТКШ жаңғырту орталығы арқылы пайызсыз несие рәсімдей алады.

Өңірде туризм саласы қарқынды дамып келеді. Биыл алты айла аймаққа 200 мыңнан астам турист келген. Салаға тартылған инвестициялар көлемі 19 млрд теңгеге жетті. Жыл соңына дейін көшелі көрсеткішті 23 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Аймақ басшысының айтуынша, туризм облыстың қызмет көрсету саласындағы негізгі қозғаушы күштердің бірі болып отыр. Мемлекет бас-

шысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру өңірдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға айтарлықтай серпін берген. Бұқар жырау және Балқаш бағыттарында жаңа нысандар бой көтеріп келеді. Балқашта әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының құралдары арқылы инвесторларға шипажай мен қонақүй салуға арналған екі жер телімі берілген. Сондай-ақ, туристік индустриялық аймақ құру жұмыстары басталды. Онда инвестициялық жобаларды орналастыруға арналған жер учаскесі анықталып, тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Көлік жолы салынып, электр және су желілері тартылған.

«Қарағанды-Балқаш» автожолының реконструкциясының аяқталуы қаланың қолжетімділігін арттырып, жаңа индустриялық аймақты инвесторлар үшін тар-



тымды ете түсті. Жакын уақытта Балқаш әуежайының жаңғырту жұмыстары да аяқталады. Нысанның өткізу қабілеті сағатына 80 жолаушыға дейін ұлғайып, әуе қатынасының географиясы кеңейеді. Туризм үшін тағы бір маңызды бағыт – Қарқаралы. Ондағы «Бұғылы» демалыс аймағында 75 гектар аумақта заманауи туристік кешен салынууда. Қазіргі таңда инженерлік желілер тарту жұмыстары жүріп жатыр. Облыс орталығында VISIT QARAGANDA туристік ақпарат орталығы ашылды. Ол Қарағанды өңірін ішкі және халықаралық нарықтарда ілгерілетуге бағытталған.

– Биыл туризм саласына салынған инвестициялар көлемі 19 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда

10,9%-ға артты. Қонақүй және демалыс орындарының саны 13,1%-ға көбейіп, 277 нысанға жетті. Туристер легі де 29,2%-ға өсіп, жарты жылда облысқа 200 мыңнан астам адам келді, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Инвестиция мен инновация

Осы арада жасанды интеллект технологиялары жолдардағы ақауларды анықтауға, көлік кептелісін азайтуға және қызмет көрсету саласында тиімділікті арттыруға септесіп келеді.

– Біздің өңір IT саласындағы базасы мықты және бұл бағытта нақты нәтижелер көрсетіп келеді. JoLScan атты пилоттық жоба іске қосылды. Ол жедел жәрдем көліктерінің камераларынан алынған деректер арқылы жол жабынындағы ақауларды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Яндекс» компаниясымен бірлесіп «ақылды бағдаршамдар» жүйесін енгіздік. Яғни, жүргізушілерге бағдаршамның ауысу уақыты туралы ақпарат нақты уақыт режимінде беріледі. Ал, ақылды автотұрақ жүйесі бейнебақылау мен жасанды интеллектті біріктіріп, бос орындарды онлайн көрсетеді, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі бір стартапты мысал ретінде келтірді. Жоба 200 мың АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартқан. Ол дәмханалар мен мейрамханаларға арналған автоматтандырылған бақылау жүйесін ұсынады. Бұл өз кезегінде қызмет сапасын арттыруға, қызметкерлерді ынталандыруға және орташа чек көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Ермағанбет Бөлекпаевтың айтуынша, өңірде IT-компаниялардан түсетін салық көлемі жыл сайын 35 пайызға өсіп келеді.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпа-

евтың баяндамасынан байқалғандай, аймақ өз даму қарқынын бәсеңдетпей, маңызды кезеңнің өрісіне кәміл сеніммен бет бұрып келеді. Өнеркәсіп өркендеп, ауыл шаруашылығы жаңғырып, кәсіпкерлік тынысы кеңейді. Тұрақты инвестиция, жұмыс орындары мен әлеуметтік жобалар – бәрі де бір мақсатқа, елдің әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Облыстың әр түкпірінде тың серпін сезіледі. Мүлтіксіз мол мүмкіндіктерге жол ашқан аймақтың бағыты айқын. Инновация, еңбек, тұрақтылық ұғымдары – қарымды Қарағандының келбетін айқындайтын басты құндылықтардың сап басынан ойып тұрып орын алды.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• ГАЗДАНДЫРУ

Жеке сектордың жүгі жеңілдейді

Теміртауда газдандырудың жаңа кезеңі жүзеге асты. Қаланың «Отрадное» шағын ауданында газбен жабдықтау жүйесінің кезекті іске қосу кешені пайдалануға берілді. Енді мұндағы 1135 абонент табиғи газға қосылып, жеке сектор үйлері біртіндеп, заманауи әрі экологиялық таза отынға көшіп отыр. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Бұған дейін шағын ауданның бір бөлігі орталық жылу жүйесіне қосылғанымен, өзге тұрғындар қыс бойы көмір жағып келген.

– Бізге газ 2025 жылы тартылады дегенде қатты қуанып едік. Сол уәде орындалды. Тамыз айында орталық жылудан ажыратылып, осы сәтті күттік. Бүгін біздің үй алғашқылардың бірі болып қосылды. Газ әрі ыңғайлы, әрі үнемді, – дейді аудан тұрғыны Шолпан Ысқақова.

Бірінші кезектің төртінші іске қосу кешенінің құрылысы бытыр басталып, бір жыл ішінде 21 шақырым газ желісі тартылды. Сонымен қатар, алты газ реттеу пункті орнатылды. Барлық құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, желілер сынақтан және қысым тексерісінен өтті.

– Жұмысты жоспарланған мерзімнен бұрын аяқтадық. Қиындық газ құбырларын жол астынан өткізу кезінде туындады. Бірақ, тұрғындар түсіністікпен қарады. Қазір жолдар қалпына келтіріліп, абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Біз бес жылдық кепілдік береміз. Осы мерзім ішінде қандай да бір ақау болса, өз есебімізден жөндеп береміз, – дейді мердігер ұйым өкілі Арсен Хамитов.

Қалада газдандыру бағдарламасы кезең-кезеңімен жалғасуда.

– Бұл бағдарлама бес жыл бұрын басталған. Бүгінде 4,5 мыңнан астам абонент көгілдір отынды пайдаланып отыр. Біз «Отрадное» шағын ауданын толық қамтыдық. Ендігі кезекте – Достық төбешігі мен АБВ 9А шағын аудандары. Кейін Әлеуметтік қала қосылады. Осылайша, 6 мыңнан астам үйге табиғи газ жеткізіледі, – деді Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов.

Өз тілшімізден



Бөлек формат, бірегей жоба

Қарағандыда ерекше форматтық жоба жүзеге асуда. Мұнда басты мақсат – табыс табу емес, жандарды табыстыру. Атап айтқанда, қалада алғашқы инклюзивті арт-кафе ашуға дайындық жүріп жатыр. Мұнда менталдық және физикалық ерекшелігі бар жандар қоғам өміріне араласуға мүмкіндік алады. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Арт-кафе Майқұдықтағы интеграциялық «Бізбен бірге бол!» орталығының ішінде орналасқан. Ішіне кірсеңіз, хош иісті кофе мен жаңа піскен тәттілердің иісі, қабырғалардағы ерекше картиналар мен жылы жүзді жандар қарсы алады. Орталықта бөрі үйдегідей: адамға жайлылық пен сенім сыйлайды. Мұнда келушілер кофе ішіп қана қоймай, өз қолымен кофе ерітіндісімен сурет салуды да үйренеді.

Дәмхананың алғашқы қонақтары – облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен қала әкімі Мейрам Кожухов болды. Олар ор-



талықтың тәрбиеленушілерімен тілдесіп, ерекше жастардың еңбегін бағалады.

Интеграциялық орталықтың жетекшісі Әсел Бекбаева бұл жобаның халықаралық тәжірибе негізінде құрылғанын атап өтті. Мұнда ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер кәсіби машықтарын жетілдіріп, еңбек нарығына бейімделудің алғашқы тәжірибесін жинақтайды.

Бірінші кезеңде арт-кафеде ауысым бойынша сегіз адам жұмыс істейді. Олардың барлығы – 16 жастаан асқан, денсаулығына байланысты жұмыс табуы қиын жастар. Енді олар өз еңбегі арқылы қоғамға қажет екенін дәлелдемек.

– Басты мақсатымыз – ерекше жандардың қоғамнан оқшауланбай, еркін араласып, өз орнын табуына жағдай жасау. Мұнда олар жаңа достар табады, еңбек етіп, өз қабілеттерін аша алады. Алғашқы нәтижелеріміз көңіл қуантады, – дейді Әсел Бекбаева.

Жоба «ACET inclusive» қоғамдық бірлестігімен бірлесе, Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асуда. Бағдарлама бағыттары кең: бариста, тігінші, аспаз, компьютерлік сауаттылық курстары қамтылған. Мұнда әрбір қатысушы-



ның жеке қабілеті мен қызығушылығына қарай бейімделген оқу жүйесі бар.

Көп жағдайда колледжді бітірген ерекше жастар мамандығына сай жұмыс таба алмайды. Сондықтан, орталық оларды тек оқытып қана қоймай, жұмысқа орналастыруға да қолдау көрсетеді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев орталық ұжымымен кездесіп, олардың еңбегін жоғары бағалады.

– Мұндай бастамалар – инклюзивті қоғам құрудың нақты үлгісі. Бұл әр азаматқа тең мүмкіндік берудің маңызды қадамы, – деді аймақ басшысы.

Жақын уақытта орталықта инклюзивті баспахана ашу жоспарланып отыр. Интеграциялық «Бізбен бірге бол!» орталығы Қарағанды қаласында, Магнитогорская көшесі, 2 мекенжайында орналасқан.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Жаңару мен жаңғыру жолында

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында ел дамуының жаңа бағытын айқындап, өңірлердің әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту және тұрғындардың өмір сапасын көтеруге жөнінде нақты міндеттер жүктеген еді. Бұл бағытта Балқаш қаласы да қарқынды дамып келеді. Соңғы жылдары мұнда ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, тұрғын үй құрылысы, инженерлік желілерді жаңарту, жолдарды жөндеу, кәсіпкерлікті дамыту және туризм саласы жаңа деңгейге көтерілді. Осы және өзге де мәселелер төңірегінде Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаевпен сұхбаттасқан едік.

– Сапар Қайыркенұлы, ең алдымен Балқаш қаласының биылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып өтсеңіз...

– Сұрағыңызға рақмет. Жыл басынан бері Балқаш қаласы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамикамен сақтап келеді. Жыл басынан бері қала экономикасына 45 млрд теңге инвестиция тартылды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 60 млрд теңгеге жетеді деп жоспарланып отыр. Құрылыс саласында да айтарлықтай өсім бар – орындалған жұмыстардың көлемі 30 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 123,6%-ға артты. Осы жылы 6,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін тағы 16 мың шаршы метр тұрғын үйді аяқтап, жалпы өсімді 1% деңгейінде қамтамасыз етеміз.

– Тұрғын үймен қамтамасыз ету, әлеуметтік әлжуаз топтарға қолдау көрсету бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Бұл бағыт біз үшін өте маңызды. 2024 жылы 80 азаматқа пәтер кілттері табысталды, ал, биыл тағы 151 тұрғын жаңа қоныс иесі атанды. Бұған қоса, республикалық және облыстық бюджет есебінен 72 пәтер сатып алу жоспарлануда. Сонымен қатар, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру мақсатында жылу, су және электр желілерін жаңарту, жолдарды жөндеу, аулаларды абаттандыру сынды жүйелі жұмыстар

көлемінде қаржы бөлініп, заманауи «Жас спейс» орталығы ашылды. Бұл орталық – жастардың өз әлеуетін ашуға, білімін жетілдіруге және жаңа идеяларын жүзеге асыруға арналған көпфункционалды кеңістік. Мұнда оқыту курстары, тренингтер, шығармашылық және стартап жобаларға қолдау көрсетіледі. Алдағы уақытта да қала жастарын қолдау мақсатында жаңа жобалар жүзеге асырылып, олардың кәсіби және тұлғалық дамуына мүмкіндік беріледі.

– Қала инфрақұрылымын жаңарту мен абаттандыру бойынша да ірі жобалар қолға алынғанын білеміз.

– Иә, инженерлік және жол инфрақұрылымына ерекше көңіл бөлінді. Биыл 10 көше орташа жөнделді, жалпы ұзындығы 16 шақырым. Сонымен қатар, көп жылдан бері шешілмеген Шиліауыз орамына апаратын 2,5 шақырым жол қалыпқа келді. Қала көшелерінде жарық бағандары орнатылып, тротуарлар салынып жатыр. 94 көпқабатты үйдің шатыры мен қасбеті, 11 аула, 10 балалар ойын алаңы мен 9 спорт алаңы жөнделуде. Қоғамдық көліктерге арналған 34 аялдама павильоны жаңартылып, 16 LED-экран орнатылды. Сонымен қатар, қала тазалығын қамтамасыз ету мақсатында 275 қоқыс контейнері, 400-ге жуық коқыс жәшігі жаңартылуда. Сонымен қатар, қоғамдық қауіпсіздік басты назарда. Биыл қалада және маңайдағы елдімекендерде 46 бейнебақылау камерасы орнатылды. Қазір



жалғасуда. Мысалы, соңғы екі жылда 32 шақырым жылу құбыры жөнделіп, тозу деңгейі 75%-дан 65%-ға төмендеді. Биыл тағы 24 шақырым желі жаңартуды қолға алдық. Су құбырларын реконструкциялау жобасы бойынша екі жылда 44 шақырым, биыл 22 шақырым жаңартылуда.

– Президент Жолдауында жастарды еңбекпен қамту мен олардың әлеуетін дамыту ерекше атап өтілді. Балқаш қаласындағы бұл бағыттағы нақты шаралар қандай нәтижелер беріп жатыр?

– Жұмыспен қамту бағдарламалары аясында 1800 тұрғын тұрақты және маусымдық жұмыс орындарына тартылды. Бұл бағытта азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға және өңірдің экономикалық белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Жастармен жұмыс – баымы бағыттардың бірі. Қалада 21 мыңға жуық жас бар, олардың 250-і «Жасыл ел» жобасы арқылы абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына қатысып, еңбек дағдыларын қалыптастыруда. Сонымен қатар, жастарды кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновацияға баулу бағытында шаралар жүйелі. «Коунрад» қорының демеушілігімен 220 млн теңге

Балқашта жалпы 530-дан астам камера жұмыс істейді. Бұл құқықбұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

– Қала экономикасының маңызды бағытының бірі – шағын және орта бизнес. Кәсіпкерліктің өрісі кең бе?

– Бүгінде Балқаш қаласында шағын және орта бизнес қарқынды дамып келеді. Қалада тіркелген шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 5 944 бірлікті құрайды. Бұл секторда 11 035 адам еңбек етуде, яғни, бұл көрсеткіш қаладағы экономикалық белсенді халықтың 29 пайызына тең. Жыл басынан бері кәсіпкерлер тарапынан 29 миллиард теңгенің өнімі мен қызметі өндірілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 15,6 пайызға артық, яғни, өңірдің іскерлік белсенділігінің айтарлықтай артқанын көрсетеді. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мақсатында мемлекет тарапынан жүйелі қолдау шаралары көрсетілуде. Бірыңғай кешенді бағдарлама аясында жыл басынан бері 1,7 миллиард теңге көлемінде инвестиция тартылып, 7 жоба сәтті іске асырылды. Бұл жобалар өндіріс, қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы және әлеуметтік сала бағыттарын қамтиды. Жыл соңына дейін тағы 60 жоба жүзеге асырылады. Олардың қатарында жаңа өндіріс орындарын ашу,

қызмет көрсету сапасын арттыру және заманауи технологияларды енгізу көзделген. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашуға, қала экономикасын әртараптандыруға және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіпкерлерге «Бизнес бастау», «Кәсіпкерлікке жол», «Жас кәсіпкер» секілді бағдарламалар арқылы оқыту, кеңес беру және қаржылай қолдау көрсетілуде. Мұндай шаралар шағын және орта бизнестің тұрақты дамуына, сондай-ақ, жастар мен әйелдер кәсіпкерлігінің өркендеуіне жол ашуда.

– Туризм саласы Балқаштың брендіне айналып келеді. Бұл бағыттағы өзгерістер де аз емес...

– Дұрыс айтасыз. Туризм – біздің экономиканың болашағы зор бағыты. Оның ішінде, Балқаш қаласы үшін әлеуметтік-экономикалық дамуының болашағы зор, стратегиялық маңызы зор бағыт. Бұл сала өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және шағын бизнестің дамуына елеулі үлес қосып келеді. Өткен жылы қалада 96 туристік нысан тұрақты жұмыс істеп, 135 мыңнан астам туристі қабылдады. Соңғы жылдары туристік қызмет көлемі 2,4 миллиард теңгеге жетіп, бұл көрсет-

кіш 71 пайыздық өсімді көрсетті. Мұндай оң динамика қаланың туристік әлеуетінің артып келе жатқанын дәлелдейді. Биыл Балқашқа келушілерге қолайлы жағдай жасау мақсатында екі жаңа демалыс аймағы мен бір қонақ үй пайдалануға берілді. Бұл жобалардың жалпы инвестиция көлемі 900 миллион теңгені құрады. Сонымен қатар, үш жаңа демалыс аймағының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Қала жағалауы мен Бертис шығанағында инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары қолға алынды. Жағажай аймағы абаттандырылып, санитарлық-гигиеналық тораптар, демалушыларға арналған көлеңкелі орындар мен орындықтар орнатылды. Туристердің қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында құтқарушылар мен медициналық қызметтердің тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылған. Ал-

Ақылды технологиядан айла аспайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мысалы, жаңа бағдарламалар адамның бет-бейнесін таниды, агрессивті қимылдарды немесе қауіпті әрекеттерді автоматты түрде белгілейді. Егер күмән тудырған азамат іздеуде жүрген болса, жүйе оны бірден анықтап, бөлімшеге хабар береді, – дейді облыстық полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы күрес басқармасының жедел уәкілі, аға лейтенант Дамир Ұқан.

Бағдаршамның интеллектуалды бағдарламасы адамның бет-бейнесін танып, оның әрекетін бақылайды. Егер адам қызыл түске өткені үшін ережені бұзса, жүйе оны дереу тіркеп, полицияға хабарлама жібереді. Осылайша құқықбұзушының кім екенін анықтау уақыты үнемделіп, технологияның шарапаты сезіліп келеді.

Мұндай камералар бағдаршам орнатылмаған жаяу жүргіншілер өткелдерінде де жұмыс істейді. Олар көлік жүргізушілерінің жол ережесін сақтамау немесе жаяу жүргіншіге тоқтамай, өтіп кеткен мезетті бірден тіркеп, деректі дереу орталық базаға жібереді. Бұл тәсіл бұрыннан белгілі «Сергек» жүйесінің жетілдірілген нұсқасы.

– Мұндай технологиялар біздің жұмысымызды жеңілдетіп һәм жеделдетеді. Қарапайым ғана мысал, бұрын жол ережесін бұзған жүргізушіні анықтау үшін бейнежазбаны сағаттап қарау керек еді. Енді жасанды интеллект арқылы бірнеше секунд қана сарп етеміз. Бұл – қылмыстың алдын алуды жаңа деңгейге көтерген қадам, – дейді жедел уәкіл.

Қазір бұл жүйелер пилоттық режимде іске қосылып, алдағы уақытта облыстың барлық ірі қалаларына орнату жоспарланып отыр. Тәртіп сақшыларының айтуынша, жаңа технология тек қауіпсіздікті күшейтумен шектелмейді. Ол азаматтардың заңға және қоғам тәртібіне деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

• ӘЛЕУМЕТ

Еңбекке жол ашқан

Жұмыс іздеуде қиындық көріп жүрген азаматтарға мемлекет тарапынан нақты қолдау көрсетілуде. Еңбек нарығында Мансап орталықтары арқылы субсидияланатын жұмыс орындары ұйымдастырылуда. Бұл бағытта қоғамдық және әлеуметтік жұмыстар қарастырылған. Зейнет жасына дейінгі азаматтарға арналған «Күміс жас» жобасы, сондай-ақ, жас түлектерге арналған «Жастар практикасы» бағдарламасы кіреді.

Құрметті оқырғаңдар! Бұл мақала «Орталық Қазақстан» журналының 13-санында жарияланды.

Приозерск қаласының Мансап орталығының директоры Мақпал Акимованың айтуынша, бұл бастаманың басты мақсаты – жұмыссыз азаматтарға еңбек нарығына бейімделуге, алғашқы тәжірибе жинауға және экономикалық белсенділігін арттыруға мүмкіндік беру.

– Субсидияланатын жұмыс орындары – жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында жұмыс берушілермен бірлесіп құрылған жұмыс орындары. Ондағы қызметкерлердің еңбекқасиысының бір өсегі немесе толық көлемі мемлекет есебінен төленеді. 2025 жылы Приозерск қаласы бойынша 182 адамды субсидияланатын жұмыс орындарымен қамту үшін 261,8 миллион теңге бөлінді. Алайда, бүгінгі таңда бұл көрсеткіш жоспардан асып, 275 жұмыссыз азамат тұрақты табыс көзімен қамтамасыз етілді, – дейді Мақпал Акимова.

Айта кетейік, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан мұндай қолдау азаматтарға жаңа мүмкіндік ашып, өмір сапасын жақсартуға жол ашады. Ал, Приозерск қаласында бұл бастама өз нәтижесін беріп, жүздеген тұрғынның жұмыспен қамтылуына себеп болып отыр.

ПРИОЗЕРСК



Белгілі қаламгер, журналист

Дос

«Табын-табын малыңмен емес,
қатар-қатар қосыңмен емес,
ақ адал досыңмен мақтан»

ТОҚСАРЫ



Дана халқымызда «Туысты саған Құдай береді, ал, досты өзін тандайсың» деген ұлағатты сөз бар. Достық деген бір қасиетті де қадірлі сезім. Бала шақтан болашаққа асыққан кездегі асыққа таласып өскен балалық достық, жастық оты жалындаған студенттік кездегі қара нанды бөліп жеген достық әр адамға жеке тұлға ретінде қалыптасуына белгілі бір дәрежеде әсер ететінін ешкім де жоққа шығара алмасы анық.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында Қарқаралы ауданы Нұркен ауылында тай-құлындай тебісіп бірге өскен балалық шақтағы, білім нәрін терген, бір күнінен бір күні ыстық, студенттік шақтағы аяулы достарымның бірі – Тілеуқабыл Байтұрсын еді. Анасы оны еркелетіп, «Тілетай» десе, достары «Тілеш» дейтінбіз. Тілеш мектеп қабырғасында жүрген кезінің өзінде-ақ сыныптастарынан оқ бойы озық тұрды. Үздік оқыды. Есте сақтау қабілеті жоғары, ел тарихы, тарихи оқиғалар, тарихи тұлғалар жайлы, әдебиет, өнер жөніндегі оқығандары, көңілге түйгендері көп оқушылардың бірі ретінде мектептің қабырға газетіне шағын мақалалары, өлеңдері шығып тұратын. Болашақта журналист мамандығын таңдауына осы шығармашылық қабілетінің ықпал еткендігі де сөзсіз деп есептеймін. Жоғары сыныптарда оқыған кездерінде мектеп оқушылары комсомол комитетінің хатшысы болды. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін бұзған, сабаққа немқұрайлы, салғырт қарайтын комсомол мүшелерін ұстаздардың, ата-аналардың қатысуымен комитет отырысында қауап, олардың алдағы уақыттарда мұндай келенсіз оқиғалардан бас тартуына барынша ықпал ететін. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұғдады деген ұстанымына сай мектепте өтіп жататын тәрбиелік бағыттағы барлық іс-шаралардың маңызды болуына ерекше көңіл бөліп, тікелей басы-қасында жүретін. Ұстаздардың сенімді серігі болатын. Біздер, сыныптастары, Тілешке қарап бой түзеіп, оған еліктеп өстік.

У.Черчилль бірде Қаныш Сәтбаевтан «Сіз бойыңыздағы жақсы қасиеттер мен білімді қайдан алдыңыз?» дегенде, «Өз ауылымнан, өскен ортаманнан алдым», деген екен. Адамға бойындағы жақсы қасиетті өскен даласы, өскен ортасы береді десек артық айтқандық емес.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Адам ең алдымен, жақсы әке, жақсы ана тәрбиесін көріп өскені жөн. Әке-ана тәрбиесімен бойына адамгершілік, ізгілік, көпшілдік, қарапайымдылық деген асыл қасиеттерді сіңіреді. Міне, осы қасиеттері арқылы елге сыйлы болып, баржойы артады. Тілеш бойындағы абыройсы қасиеттерді өскен топырағы Қарқаралы мен әке-шешесінен, ақылшы, қамқор, жол басшы ағасынан, өскен ортасынан алды деп ойлаймын. Әкесі Байтұрған, анасы Дәнапия, ағасы Жақан біреуден ілгері болайын, біреуден кейін болайын демеі-ақ, қарапайым ғұмыр кешуді мұрат тұтатып, бойларындағы бар ақыл-парасатын, күш-қайратын, білім-білігін еліміздің өсіп-өркендеуіне қалтқысыз арнаған аяулы жандар еді.

Қазір екі ауыз сөздің басын қосып, топтың алдында шешенсіміз – басқа жетістік атаулыны айтпағанда, ол тек қана сөз маржанын терген, білімі түпсіз терең біздің алтын ұстаздарымыздың арқасы. Әр шыққан

белесі үшін, көзге көрінер-көрінбес жетістігі үшін сен әр уақытта еңбегі өлшеусіз ұстазға тағзым етуің керек деп есептеймін. Менің досым да Зинарет Жолдаспаев, Азанбай Жұманбаев, Қоқымбай Аралбаев, Амантай Садырбаев, Қабыл Айнабаев, Көкенай Мұстағұлов, Тілеш Қиышбаев, Кеңесбек Әбділдин сынды тамаша ұстаздардан дәріс алып, қарымды қаламгер ғана емес, абзал азамат болып қалыптасты. Ол кісілердің алдында басымызды иеміз.

Адамның өмір сүруінің екі мәні бар. Бірі – ұрпақ қалдыру, екіншісі – із қалдыру. Баланы өмірге әкеліп, дұрыс тәрбиелеп, еліне пайдалы азамат етіп өсіргеннен артық бақыт жоқ. Тілеш балалары Аңсаған мен Тілек алған мамандықтарының аясында ел игілігіне қызмет етіп жүр. Аталарының атын өшірмейтін, жақсы ісін жұртқа жария ететін немерелері өсіп келеді. Ал із қалдыру үшін оған қиянасынан орын алады. Тілеш 1974 жылы бұрынғы С.Киров атындағы, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітіріп келіп, ұстазы, іргелі ғалым Рамазан Сағымбековтің ақыл-кеңесімен облыстық телерадиокomiteетінде редактор, аға редактор болып қызметін бастайды. Алматыдағы екі жылдық партия мектебін бітіргеннен кейін облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне ауысып, тілші, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары қызметтерін абыроймен атқарады. Сол кездері жазған елдің қоғамдық өміріндегі өрелі істер, еңбек адамдарының ерлікке толы еңбегі, әсіресе облысымыздың ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелерді тақырып еткен мақалалары, очерктері, эсселері бүгінде облыс тұрғындарының рухани қазынасына айналды.

Тілекеннің бір асыл қасиеті – өскен жері Қарқаралысын, оның ішінде Нұркен ауылын өте жақсы көретін. Кезекті еңбек демалысына шығысымен ауылға келіп, құрылысшылар қатарына кіріп, тұрғын үйлер салуға белсене араласатын. Халыққа пайдасы тиер қимыл-әрекет үстіндегі демалысты ұнататын. Табиғатынан қуатты, күшті жан болатын. Астаудағы саз-балшықты үлкен күрекпен, май шайқағандай еш қиналмай араластыратын. Осыны көрген жан досы, белгілі журналист Сәулбек Жамкеновтің: «Тілен-ай, бекер журналист болған екенсің. Құрылысшы болсан, осы уақытқа дейін екі мәрте Еңбек Ері болар едің», – дегені есімде қалыпты.

Адамның пенде болмаққа да, Құдай болмаққа да хақысы жоқ. Адам адам болып қалуы керек. Басына бақ қонса да, іс түссе де, адамдығынан айнымауы керек. Тілеш өмірі мен шығармашылығының ұқтырары – осы. Осыған тәубе дейміз!

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ

Ақ-қарасы шендескен, адал-аяры арбасқан мынау қызыл-жасыл дүниеде, өтпелі өмірде өзіне жол көрсетіп, жөн сілтеген, саликалы сөзімен, орнықты мінезімен санада сәуле қалдырған жайсаң ағалар, жаны ізгі жандар туралы өткен шақта еңгіме қозғау кім-кімге болсын онай тиімесі белгілі.

Осы тұрғыда данышпан Абайдың көпке мәлім мынадай бір тәмсілі бар:

Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел.
Алдыңғы толқын – ағалар,
Кейінгі толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер...

Тіршіліктің көші ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретінін хакім баба осылай тұжырымдаған екен де!.. Бұдан бірнеше жыл бұрын жалғанның көшіне ілескен Тілеш аға, аймақ-атырап баспасөзінде өзіндік орны бар қаптал қаламгер Тілеуқабыл Байтұрсын болмыс-бітімі бөлек, көргені көп, түйгені мол, Алла бойына берген сол қадір-қасиетті инемен құдық қазғандай бейнетті кәсіп – журналистікке сарқа жұмсаған аптал азамат еді.

Осы ғұмырымызда талай адаммен дәмдес болдық. Талай жасы үлкен ағалардың аялы алақанының жылуын сезініп, шапағат-шуағына шомылдық. Солардың ішінде бір-бірімізге көкірек ашып, шын сыйласқан аз ағаның бірі де бірегейі мен үшін осы Тілеш аға болды, білем.

Қалам ұстаған жандардың бәріне тән үрдіс – ол кісінің есім-сойын ең алдымен мерзімді басылым беттерінен танып білдік. 1982 жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне студент болып қабылданған соң бала кезден ала қағаздың бетін айналдырып қалған үрдіспен, жергілікті «Орталық Қазақстан» газетіне үңіле бастадық. Мән-маңызы, бай мазмұны тұрмақ, түр-түсі, безендірілуіне дейін ерекше, байыпты басылым бізді бірден баурап алды. Оның арнаулы тілшілері – қызметкерлерінің есімдерін де етене біліп алдық. Негізінен ауылдың тыныс-тіршілігіне, ауыл шаруашылығына қатысты қалам тербейтін Т.Байтұрсыннов есімімен осылай танысып едім.

Университет өмірінен хат-хабар жазып, өлеңсымақ «тақпақтар» түртіп, сонымызды редакцияға жасқана басып барып, апарып беріп жүріп ағаның жүзін де көрдім. Әлбетте, ол кездегі таныстығымыз өріс алып кете қойған жоқ. Жай аман сәлеммен шектелдік.

Кейінде ағамен осы облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде жолымыз түйісті. Оқу бітірген соң жанадан ашылған жастар газеті «Қарағанды жастарының» Төлеубай Ермекбаев, Құтөлеу Мұқашев, Әшімхан Жәмпейісов ағалардың алғашқы тәрбиесінен өткен соң сол Төлеубай ағамның шақыруы, ықпалымен «Орталықтың» киелі табалдырығынан аттадым.

Ол кезде «Орталықтың» азуын айға білеп тұрған айбынды шағы. Мен мұнда жұмысқа 1991 жылдың тамыз бүлігінен соң бірден «Ия, бұл – төңкеріс!» деп аттандаған батыр редактор Н.Оразбековтің белгілі ерлігі арқасында атағы аспандап кеткен 1992 жылдың басында қабылдандым. Редактор – Рымқұл Сүлейменов аға, жауапты хатшы – Мағауия Семейбай, редакцияда Р.Сағымбеков, Т.Әбуғалиев, Б.Мұстафин, Т.Шайхин, М.Айнабеков, З.Ыдырысов, т.б. сынды ардагерлер, М.Хасенов, С.Жүнісов, С.Сексенов, С.Жанымбай, С.Бексейіт, Т.Байтұрсын, А.Несіпбай, Е.Имаш, Т.Ермекбаев, т.б. сынды тіс қаққан журналистер еңбек етеді. Жастық желігі басылғанға жас жігіт, мен әуеліде бір конвейерге түсіп кеткендей күй кештім. Дегенмен қамқор ағалардың аялы алақандарының арқасында жылдам ес алдым. Күнбе-күн, аптасына бес рет шығатын газет жұмысына ысылып, әсіресе, редакцияның «кухнясы» (асхана деген аударма бұл ретте келіңкіремейтін сияқты), штабы саналатын хатшылық жұмысын шебер меңгеріп алдым. Айындағы ағаларымның шапағат шуағына бөлендім, ықыласына ие болдым. Бір сөзбен, «Орталық Қазақстан» менің үлкен өмір мектебіме айналды. Сол мектептің жемісін әлі күнге көріп келе жатқанымды әркез ілтипатпен әңгімелеп жүремін.

Тілеш аға біз білгенде бас редактордың орынбасары, мұндай отырыс-жиналыстарда өзін барынша тартымды, салқынқанды ұстайтын. Қанша дегенмен, бүкіл мемлекет құрылмасы өзгеріп, барша жұмыс жаңадан ұйымдастырылып жатқан сол бір алмағайып кезең газеттің тыныс-тіршілігіне де қатты салқынын тигізді. Қаржыландыру қалыпты емес, соның салдарынан газет бір шығып, бір шықпайтын күйге жеттік. Қызметкерлер айлап жалақы алмайды. Аптасына алты рет шығып келген газет алдымен бес рет, кейіннен үш рет қана шығатын болды. Таралымы да едәуір қысқарды.

Ұжымда да түрлі, түсініксіз жағдайлар орын алды. Бірер жылда бірнеше редактор ауысты. Біраз қысқартулар болып, соның ішінде бас редактор орынбасарының бір лауазымы да қысқартылып, Тілеш аға бөлім меңгерушісі қызметіне бекіді. Содан бұрын редакция қызметкерлерінің дайындаған материалдарын қараудан қолы тимейтін Тілекеннің, енді өзі де көсіліп жаза бастаған еді. «Тура биде туған жоқ» деген, туған ауылы



– Қарқаралы ауданының Нұркен совхозында орын алған келенсіздіктер, басшылық тарапынан жіберілген олқылықтар жөнінен жазылған аса көлемді материалы бүкіл қоғамда қызу талқыға түсіп, біраз елді дүрліктіргені жақсы жадымда. Мақалаға қатысты түрлі тараптардан түскен екі жақты пікірлерге, тіпті, қоқан-лоқыларға Тілекен айылын да жиган жоқ. Өз позициясын берік ұстап қалды. Өндіріп жаза берді. Әр нөмір сайын сын сағатта халықтың басына түскен тауқымет, зорлық-зобалаң туралы ірілі-ұсақты материалдары үзбей жарияланып жатты. Жай ғана жарияланып қоймады, оқыған жанды тебірентті, толғантты. Еркінен тыс ойлануға, айналадағы жүріп жатқан түрлі процестердің астарына үңілуге, көкірек көзімен қарауға мәжбүрледі.

Қашан да «аға – бор, іні – тас». Біздің сол кезден басталған жақсы қарым-қатынасымыз кейін терең сыйластыққа ұласты. Келе-келе тонның ішкі бауындай тығыз араласып кеттік. Бір-бірімізге деген ағалық, інілік сезімімізге, сенімімізге қылдай қылау түсірген жоқпыз. Бұл ізгі жоралғы мен басқа жұмысқа ауысып кеткенде де жібек желісін үзген жоқ, жалғасын тапты. Қайта, тіпті, менің ол азаматқа деген ілтипатым, құрметім жыл өткен сайын қымбат тарта түсті ғой деймін.

Қызметтен, күнделікті қарбалас тіршіліктен қол қалт еткенде жиі кездесіп, мына күйкі тірліктің таусылып бітпес уайым-мұңын ұмыттырған демалыс сәттерін бірге өткізіп жүрдік. Біраз жүздепей кетсек телефон арқылы қоңырау шалып, жағдай сұрасып тұратынбыз. Айқын аға бар, әлгі әзіл ертегіде айтылатындай, «екі генерал, бір мұжық» – екі аға, бір іні боп жарасып, дуылдатып-думандатып, әңгіменің көрігін қыздырып отыратын кең шалқар күндер, күрең кештер күні кешегідей көз алдымда, көңіл көңілде. Ол да болса өмірдің жүректен өшпейтін бір қалаулы кездері еді-ау...

Сол жылдары қоғам өмірінде кең қанат жайған құбылыс – түрлі үлкен-кіші баспалардың көбеюіне орай, кітап шығару ісі қауырты қолға алынып, қаламгерлер қауымы бұл жаңалыққа жаппай ден қойды. Бұрынырақта журналистердің жекелеген жинақтары ғана жарық көріп келсе, енді барлық дерлік жазарман жұрт бұрын-соңды жазылған дүниелерін қағып-сілкіп, елеп-екшеп, түптеп-таразылап, кітап етіп бастыра бастады. Тілеш аға да кітап шығару ісімен мықтап шұғылданды. Алдымен «Еңбек түбі зейнет екен білгенге» деген сериялы кітаптар шоғыры дүниеге келді. Бұл жинақтардың мазмұны еліміз көлемінде қарқын алған, ендігіде еңбек көзіне айналған – кәсіпкерліктің, соның аты озған айдынгер азаматтарының абыройлы тыныс-тіршілігінен түзілген еді. Оның ішінде, аймақтағы ауыл шаруашылығын өркендетіп отырған, істің көзін тапқан білікті маман, іскер ұйымдастырушыларды тап басып танып, тынбай зерттеп, сол үшін алыс ауылдарды, шаруашылықтарды ерінбей аралап, көптеген очерктер жазды.

Содан кейін де осы тұрғыдағы бірқатар мерейтойлық кітапшалар шығарумен тұрақты айналысты. Мен осы кітаптардың біразына редактор болдым. Ағаның жинақ-кітаптарының бір тәртіппен, бір қалыппен, ұсынықты болып шығуына баспа ісінің білгірі ретінде өзіндік үлесімді қостым.

Еш нәрсеге асықпайтын, мол пішілген болмыс-бітіміне сай баяу қозғалып, байыппен қимылдап жүретін Тілеш аға атақ-дәреже, сый-сияпат дегендерге соншалық құштар болмады. Облыс әкімінің дәстүрлі «Алтын сұңқар» сыйлығын да әріптестерінен көп кешігіп алды. Онда да конкурсқа Мағауия ағаның дігерімен барып түсіп, сол кісінің ықпалымен алып шықты.

Тілекен қашан да маңайына шуақ шашып, ортасында қалыпты «ауа райын» орнатып жүретін, көңілі таңғы шықтай мөлдір, кім-кімге болсын ниеті түзу, жүрегі тұма бұлақтай таза кісі еді. Ал, жүрегі тазаның әрдайым жүзі жарқын. Мұндай адамдардың дос-жарандары да көп болады. Тілеш ағаның басты байлығы, бір мақтаншысы – түрлі дәрежедегі достары еді. Сонау бала кезінен

бірге өскен ауылдас достарынан бастап, университет қабырғасында, кейінде қызмет бабында танысып, араласып, сыйласып кеткен жолдастарын өмірінің бір-бір бекетінде көріп, солардың бүгінгі бақуатты тыныс-тіршілігіне қуанып, қуаттап, марқайып отыратын. Және бір қызығы – кейбір достарының бір адамдармен өзі арқылы танысып, кейінде сол адамдармен өзінен де жақын дос-жолдас болып кеткенін айтып, «бұл да болса, менің бет-беделім» деп мақтанып, разылық танытып жүретін. Айталық, Тілекеннің боз-бала күнінен бірге өскен айнымас достары, анау Әлкен, мынау Ерғазы ағайлар уақыт өте келе, бүкіл баспасөз өкілдері, қаламгерлер қауымы, өнер шеберлері арасында танымал болып, біте қайнасып кеткен, бәріміз үшін аса сыйлы азаматтар.

Ағаның үйіндегі Бақыт жеңгеміз де – «Орталық Қазақстанның» ардагері. Үйіндегі балаларын, аталас ағайындарын да жақсы танып білдік. Қарағандыдағы үйінде, Қарқаралы, Нұркендегі қарамаңырағында да болдық. Ағасы қайтыс болған қаралы күндері жанында жүріп, қайғысына ортақтастық. Қазаның арты қайырлы болуына, тойға айналуына тілектестігімізді білдірдік.

Өмір дегеніңіз үнемі өрге басып, биікке бастап отыратын тактайдай тегіс жол емес, тегі. Оның бұралаң-бұлтағы, соқтықпалы соқпасы да жетіп артылады. Былайынша емендей қатты, болаттай берік көрінетін Тілекен өмірдің ащы-тұшпысын, тағдыр талқысын да тартудайын тартып баты. Пешенесіне жазылғаны өз алдына, көлденең қырсық, поле-жалалар да бұл шаңырақты көп төңіректеді. Тұрмыс-тіршіліктің шығыршығы кері айналып, сергелдең күй кешкен кездері де болды.

Аға көпке ашпайтын сырын маған сыздықтап білдіретін. Тартқан сыйы, артқан жүгі атан түйеге лайық дерлік тотанақ тіршіліктің басқа салған ауыртыпалығын айтып, кейде мұқап, мұнайып отыратын. Екі сөзінің бірі – Хаки еді, Хақназар – аталық мейіріммен ерекше жақсы көрген сүйікті немересі. Онымен кездесуді ерекше күтетін, оған ерекше дайындалатын, сосын әрбір қылығын, әрбір сәтін жыр қылып баяндап беретін. Менің көз алдымда немересін сауда көзінкесінің орындығына отырғызып алып, супермаркет ішін баппен аралап жүретін бейнесі жақсы қалыпты.

Тілеш аға құрметті зейнет демалысына шыққан соң да сүйікті «Орталығынан» бір сәтке де қол үзген жоқ. Редакцияға күніне бір соғып кетуді өзіне парыз санайтын. Апта аралатып, «Орталықтан» келе жатырмын, «Орталыққа» бара жатырмын деп, маған да келіп тұратын. Сол баяғы көңіл, сол баяғы кең пейіл. Алды бар, арты жоқ, арсы-күрсі әңгіме.

Ия, өмір – мұрат, өлім – ақиқат... Туған жерімен тығыз байланыста өмір сүріп, ел-жұртының тыныс-тіршілігіне бар ықыласымен араласып, перзенттік парызын өтеу үшін қолынан келген бар қызметін аямаған Тілеш ағаның мезгілсіз қазасы да уақыттың белгілеген межесі болды. Арда мінез абзал азамат жетпіске жетпей желкенін жықты. Көңілге бір жұбаныш – артында жақсы аты, тәлім-тағылымды қалды. Терең білімі мен бай іс-тәжірибесінің арқасында қарымды қаламгер ретінде өмірдің көркем шежіресін қазуға лайықты үлес қосты. Оның артында қалған мол мұрасы кейінгі жас буын өкілдеріне өрісті өнеге, әлі талай тақырыптың өзегі болып, зерттеу нысанына айналады деп сенеміз.

Ол қарапайым да қадірлі өмір кешті. Ағаның абзал болмысы онымен тығыз араласқан және жақын білген әр адамның жүрегінде мәңгі сақталып қалары сөзсіз. Біз енді өзіміздің өмірлік мұраттарымызды әрдайым осындай шоктығы биік, еңсесі ерек жандардың тағдырлы ғұмырымен тектеп, таразылап жүретін боламыз.

Жомарт ОСПАН,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
«Egemen Qazaqstan» газетінің
бөлім меңгерушісі

Тілеуқабыл Байтұрсынның туғанына — 75 жыл

Ауылын ардақтаған азамат

Қалаға келіп тұрып жатқанымен өзінің туған ауылын бір сәтке де ұмытпай, әрқашан есіне алып жүретін, ауылын бәрінен де артық көріп, ардақ тұтатын азаматтар болады. Мен Тілешті сондай азаматтың қатарына жатқызар едім.

Менің айтып отырған адамым — өзімнің әріптесім, талай жыл қатар қызмет атқарып, қатар қалам ұстаған, біз қысқаша «Тілеш» атап кеткен — Қарқаралы ауданына қарасты Нұркен ауылында туып-өскен Тілеуқабыл Байтұрсынов.

Сол Тілеш 1974 жылы Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп келіп, облыстық телерадиокомитетіне редактор (радиожурналист) болып орналасты. Сол жылдың желтоқсан айында мен телевидение редактор болып келген едім. Комитетіміз бір болған соң және менің жарым Нұрғайын Әліпбекқызы облыстық радиоға істейтіндіктен, біз алғашқы күннен-ақ ет-жәкін араласып кеттік. Ақкөңіл, аңқылдаған азамат екен. Адамды жатырқамай, бірден ішіне кіріп, ауыл адамына тән мінезбен өзінің ойындағысын актарылып айта жөнеледі екен.

Әуелде 26-шы орамдағы отбасылық жатақханада тұрған Тілеш пен Бақыт кейіннен Пришатиңскіден үй алды. Екі-үш жылдан соң біз де вокалға қарсы 45-шы орамдағы бір бөлмелі пәтерімізді Пришатиң-

скінің 23 ықшамаудандағы үш бөлмеге кеңейттік. Бір ықшамауданда болған соң араласымыз бұрынғыдан да арта түсті. Біздің көршілермен араласып, Жаңа жыл сияқты мерекелерде бірге тойлап, бірге жүрдік. Сондай кездерде де Тілеш өзінің ауылын естен шығармай, ауылдағы жастық шағын, Жарлы өзенінің бойында өткен қызықтарын, бірге өскен қыздар мен жігіттердің қызықты әңгімесін майын тамызып айтып отыратын. Біз Тілештің әңгімесінен ауылдағы Егінтай, Ерентай, Құсайын, Серік, Амантай сияқты адамдардың аттары есімде қалыпты. Кейде бір отырыстарда: «Тілеш, әлгі ауылдың әңгімесі қалай еді?» — деп сұрайтындар болатын. Оған Тікен бір күліп алады да: «Е, ол былай», — деп әрі қарата айта жөнеледі. Бұл талай естіген әңгімеміз болса да, тағы да тыңдап мәз болып қалатынбыз. Өзінің ауылы, өзінің жерлестері туралы сондай әңгімелерді айтқан кезде рахат сезімге бөленіп, мағмұрлана түсетін. Сол әңгімелердің біразының кейіпкері Ерғазы Төлеуовпен «Орталықта» бірге қызмет атқардық.

Радиоға біраз жыл редактор бо-



лып қызмет атқарған соң аға редактор лауазымына жоғарылатылды. Сонда істеп жүріп, Алматыдағы жоғары партия мектебіне оқуға кетті. Екі жыл оқып келген соң біздің «Орталық Қазақстанға» қызметке тұрды. Тілші болды, бөлім меңгерушісі болды, редактордың орынбасары болды. Мен хат бөлімінде, құқық бөлімінде меңгерушімін.

Біздің бөлімнің жұмысына бас-шылық жасайтын Тілеш алдына апарған материалдарыма оқымай-ақ қол қойып беретін. Мен сонда: «Оқисаншы, түзететін жерлері болуға тиіс қой», — десем: «Жоқ, саған сенемін ғой», — дейді баппен.

Газеттің ауыл шаруашылығына қатысты материалдарын дайындады, сол бөлімнің жұмысына жауап

берді. Кейіннен денсаулығы сыр берген кездері болмаса, негізінен өзінің міндетіне зор жауапкершілікпен қарады. «Мына, жүрек деген болмай тұр» деп қойып, зейнеткерлікке шыққанынша қызмет атқарды.

Ол зейнеткерлікке шыққан соң да қарап отырған жоқ. Өзі білетін, ардагер азаматтар туралы кітап жазуды жалғастыра берді. Компьютер де-

генді үйрене алмай кетті. Жұмыста да газеттің мақалаларын машинкаға басып әкелетін ол қашан көзі жұмылар сәтке дейін қара машинканы тықылдатып өтті. Сол қара машинкамен талай кітаптар жазып шығарды.

Досқа дегенде, өзінің көңілі түскен адамына дегенде қолынан келген көмегін аямайтын. Ел жазғы демалысында шипажайлар мен демалыс үйлеріне кетіп жатқанда Тілеш болса, ауылға барып, ағасына қол шалғымен шөп шабысып, қорасын жөндеуге көмектесіп қайтатын.

Нұркен ауылында туған, Жарлы өзенін жалаң аяқ жағалап өскен Тілеш өмір бойы туған жерін ардақтап өтті. Оның өне бойынан, әрбір қимылы мен мінезінен, істеген ісінен ауыл адамына тән ашықтық пен жайдарылық бірден байқалып тұрушы еді. Қадыр Мырза Әлінің: «Қарыз алсам біреуден, қала құсап аламын, қарыз берсем біреуге, ауыл барсам биікпін, ауыл барсам жазықпын» деп айтқанындай, Тілеш те сол аңғал мінезден айнымай өмірден өтті.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі

Түйе, түйе, түйелер...

«Ortalyq Qazaqstan» газеті марқұмның есімін ел жадында жаңғыртып, қаламгерлік қазынасына тағзым етуді парыз санады. Осы мақсатта редакция қорында сақталған, бұрын ешбір басылымға енген жазбаларын оқырман қауым назарына ұсынып отырмыз. Бұл дүниелер Тілеуқабыл Байтұрсынның азаматтық ұстанымын, ой толғамының кеңдігін, туған жерге, туған елге деген перзенттік сүйіспеншілігін айшықтай түседі.

РЕДАКЦИЯДАН

Жетпісінші-сексенінші жылдары Қарқаралы ауданындағы «Восток» совхозының директоры Хакім Зәкішевтің абыройы аспандап-ақ тұрды. Олай болатын жөні де бар. Өйткені Зәкішевтің басшылығымен аудан, қала берді, облыс көлемінде алғашқылардың бірі болып жерасты суларын игерген де, терісі бағалы аңдар мен бал арасын өсіре бастаған да, селоны сәулеттендіруге ден қойған да, ауыл шаруашылығы саласының тиімділігін арттыру мақсатында қауымдастық құруға талпыныс жасаған да, тоқсаныншы жылдардың басында түйе өсіруді қолға алған да осы совхоздың мамандары еді.

Жекешелендіру барысында бұрынғы «Восток» совхозының негізінде Токтар Әубәкіров атындағы өндірістік кооператив және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Республика Президентінің Жарлығына сәйкес шаруашылықтан 10 проценттік үлесін алған Хакім Зәкішев «Токтар» атты жеке шаруашылық ұйымдастырды. Ал, Токтар Әубәкіров атындағы өндірістік кооперативтің тізгінін ауыл азаматтары ақылдаса келіп, бұрын осы шаруашылық директорының өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасары болып істеген Дулат Мағауияұлы Мақышевқа сеніп тапсырды.

Тауда осы шаруашылықта болғанымда Дулатты қырман басында қолықтырдым. Қырманның биылғы көрінісі тым жүдеу. Лепіре сөйлеп, репортаж жазатындай жағдай байқалмайды. «Табиғаттың бермесін тартып аламыз» дегеніміз күпіршілік екен. Адамзат табиғатпен тайталаста әлсіз болып шықты. Жаз бойы жалғыз тамшы тамбады. Мамыр айындағы механизаторлардың еңбегі де, әр литрі алтынға балаңған жанар-жағармай да текке кетті. Қазір гектар басы 1,5-3 центнер аралығында ғана астық жиналып жатыр.

— Жағдайымыз мақтанарлық емес, — деді Дулат осы жайларды әңгімелей келіп. — Бірақ, егін шықады деп ұнжырғаны түсіруге тағы да болмайды. Өмір бір орында тоқтап тұрмайды. Қазір жаппай қысқа әзірлік науқаны жүргізілуде. Биыл сабан да, жем де тапшы болатындықтан қолда бар техниканы шөп дайындауға жұмылдырдық. Нәтижесі жаман емес сияқты. Ысыраққа жол бермесек, қыстан шығармыз деп отырмыз.

Заманның қиындығына байланысты бірсыпыра шаруашылықтарда клуб, бала-лашқа жабылып қалды, қыс айларында мектептерде сабақ тоқтады. Біз шамамыз келгенше мектепті де, клубты да ұстап отырмыз. Ал, балабақшаны мәштікке айналдырдық. Бұл шаруаға ата-аналар да түсіністіктен қарайды...



— Дәуке, осы шаруашылық түйе өсіретін сияқты еді...

— Иә, түйеміз бар. Бұл жөнінде сіздерге кооперативіміздің жетекші маманы Рымбек Әлиев әңгімелеп берсін. Оны кеңседен табасыздар.

Рымбектің түйе туралы әңгімесін тыңдай берсек, таусылар түрі байқалмайды. 1990 жылдың қарашасында Талдықорғаннан 22 түйе әкелгені бір хикая. Іле-шала Ақтөбеден 24 түйе жеткізгендері тағы бір бөлек әңгіме.

— Бәріміз де түйенің кітаптағы суретін көріп өскен ауылдың баласымыз ғой. Шаруашылық басшысы Хакім Зәкішев түйе өсіру жөніндегі ойын айтқанда көкейімізде «Оны кімге бақтырамыз?» деген сұрақтың тұрғаны рас. Сөйтсек, Хакең бұл шаруаны алдын ала шешіп қойған екен. «Қапан Түсіповтің әкесі «Қарасы» колхозында күшкөлік ретінде пайдаланылатын екі түйе иелік еткен. Біздің ауылда жас кезінен түйені көріп өскен сол Қапан аға. Осыдан бір апта бұрын сөйлескенмін. Түйе бағуға келісімін беріп отыр ол, — деді.

Сонымен 46 түйені ауылымыздың атақты шопаны Қапан Түсіпов өз отарына қосып, бағатын болды. Алғашқы жылы 2, одан кейін жыл сайын орта есеппен 14 бота алып отырдық. Түйе ұстауға ниет еткеннен кейін оны бағып-жағудың сырына да қаныға бастадық. Жылқының үйірі сияқты 10-12 түйеге бір бура иелік етеді екен. Өз беттерімен табиғи жағдайда шағылысоды. Үлкен түйелердің тірдей салмағы бір тоннаға дейін тартады. Етінің сиырдыкінен айырмашылығы шамалы. Семіз түйенің қос өркенінен 30 килограмға дейін таза май алуға болады.

— Өнімдерін қалай ұқсатып отырсындар?

Үлкен түйе жарты тоннаға дейін ет береді. Бұрын біздің аймақта түйе өсірілмегендіктен болар, ет базарда да, дүкенде де өте қоймайды. Сондықтан, көбінесе ет комбинатына, шұжық жасайтын цехтарға тапсырамыз. Түйенің жүні ешкінің түбіті сияқты өте бағалы. Түйені әр жыл сайын мамыр айында қырқады. Бір түйеден орта есеппен 4-5 килограмм шамасында мамық жүн алынады...

— Шөктіріп барып қырқатын шығар?

— Жоқ, тар қоршаудың ішіне енгізіп, түрегеп тұрған қалыңда қырқады.

Алғашқы үш-төрт жылда қырқылған жүнді Семейге, Қарағанды шұлық-ұйық фабрикасына өткізген едік. Қазір ешкім алмайды. Алам деушілер өте арзан бағаға сұрайды. Сонымен кейінгі екі жылғы қозн қоймада жатыр.

— Жылқы туралы әңгіме қозғалса, қымыз ішкіміз келетіні бар ғой, Рәке...

— Ә, шұбатты айтып отырсыз ғой. Дәмін таттық. Қымыздан артық болмаса, бір де кем емес. 1991 жылы Жеңіс мерекесі қарсаңында 5 түйе сауып, 9 мамыр күні алғашқы шұбатымызды ардагерлерге ұсынған едік. Бірақ кейінгі жылдары осы жақсы бастаманы қожыратып алдық.

— Қазір шаруашылық қарамағында түйенің саны жүзге жетіп қалған болар?

— Биылғы жылғы қыркүйектің бірінші жұлдызындағы мәлімет бойынша 75 түйе бар. Оның 24-і аналық. 1995 жылы түйелерді Капкеннен «Шортанды» қыстағындағы Еркін есімді балдызы қабылдап алған. Екі жылдан бері сол жігіт бас-көз болып келеді. Облыс көлемінде түйе шаруашылығымен шұғылданатын біздің кооператив қана. Сондықтан, алдағы уақытта осы салаға көбірек көңіл бөлгелі отырмыз.

Иә, солай жасаған дұрыс шығар. Менің есебімше, жылына 10 ботадан алғанның өзінде шаруашылықтағы түйе салын жүзден асып жығылса керек еді. Жасыратыны жоқ, Рымбек «75 түйе бар» дегенде көңілім қоңылтақсып қалды. «Ештен кеш жақсы». Ендігі жерде Токтар ауылының азаматтары облысымыздағы бірегей түлік саналатын түйе санын молайту және өнімдерін ұқсатып пайдалану жолында жұмыла еңбек етеді деген сенімдемін.

Токтар Әубәкіров атындағы өндірістік кооперативтің түйешісі Еркін Наймантаев:

— Екі жылдан бері байқағаным — түйе бағу қой бағудан әлдеқайда жеңіл. Көбінесе, шілікті аңғарлар мен жусанды алқаптарды жақсы көреді. Шөлге төзімді. Бір апта, тіпті, он күн су ішпесе де, қылышы қисаймайды. Тек жануардың соңынан іле-су қиын. Жарты сағат қараусыз қалдырсаңыз, көш жерге ұзап кетеді. Қыс бойы өз аяғымен жайылып шығады. Қатты аязды-боранды күндері болмаса, қораны да керек қыла қоймайды.

Тракторшы қарындас (радиоочерк)

— Сүйінші, Әсия! Сүйінші!

Почтадан шыға дауыстай жүгінген Күләш пен Гүлшәт оны «Беларусынан» түсірместен бас салды.

— Әй, жөндерінді айтсаңдаршы! Ненін қуанышы сендерді осынша желіктіріп жүрген, — деді Әсия құрбыларының құшағынан босаған бір сәтте. Құрбылары жауап орнына республикалық газеттің жаңа санын бұған ұсына берді. Газеттің екінші бетіндегі Ленин орденімен наградталған бір топ еңбек ардагерлерінің арасынан өзінің фамилиясын көргенде, аң-таң болып тұрып қалды. Мүмкін, жаңылыс оқыған шығармын деп, қайтадан көз жүгіртті. Жоқ, бәрі де дұрыс. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданына қарасты, «Восток» совхозының жас механизаторы Әсия Ысқакова деп анық жазылыпты.

Маңына топтасқан әріптестері жамырай шуласып, жоғары наградасымен құттықтап жатқанда, Әсияның ойрауына бір тамшы жас домалап түскен еді. Бірақ, оны ешкім аңғармады. Бұл 1972 жылдың қысы болатын.

Алғашқыда Әсияға оңай тиген жоқ. Оның бұл ісін жақтағандар да, даттағандар да болды. Мектеп партасын трактор отырғышына алмастырғанын қарт анасы да құптап қоймады. Механизаторлық курсты бітіргенде бірсыпыра нәрсені білетін сияқты еді. Бақса, білмейтіндері әлі де көп екен. Оны жұмыс барысында байқалды. Әсіресе, алғаш трактор рөліне отырған көктем есінде жақсы сақталып қалыпты. Құрсты аяқтап шығысымен совхоз дирекциясы алты қызға үлкен сенім артып, Шұңқырқұдық маңындағы алқапқа дән себуге аттандырған болатын.

Әсия жасында еңбек қуанышысы деген сөздің мағынасына жете түсінбейтін. «Еңбек дегеніміз бейнет емес пе?! Ал, бейнеттің адамға әкелер қандай қуанышы болмақ» — деп ойлайтын. Енді міне, еңбек қуанышын бүгін өзі бастан өткеріп отыр. Күні ертен жерге сіңіріп жатқан мына дәннің әрбір түйірі сары алтынға айналып, Отан қоймасына құйылатындығын ойлағанда, жүрегі өрекіп, өзімен қанаттас жүрген құрбылары да ұмытып кетті. Тек қарсы алдында әлде неге назаланып, қолын сермей дауыстап тұрған бригадирді көргенде ғана, әлгіндегі тәтті елестен арылып, тракторын кілт тоқтатты.

— Шырағым-ау, — деді жақындап келген бригадир, — үшінші жылдамдықпен сеуіп келе жатқаның қалай? Мына түрімен тракторыңды бүгін-ақ құртасың ғой.

Әсияның екі беті ду ете түсті. Екінші айналымнан кейін тракторының дауысы өзгергенін өзі де аңғарған еді. Бірақ, ой құшағында отырып мән бермеген.

— Кешіріңіз, ағай! — ернін тістелеп тұрып оның айтқан жауабы осы болды.

Бұл — Әсияның әңгіме барысында келтірген бір ғана еңбек көрінісі еді. Біз бұдан кейін де бірсыпыра әңгімелестік. Қазақтың қаршадай қара қызы өжет, ақ жарқын. Ойындағысын бүкпелемей ашық айтады. Ол өзінің өмір жолы туралы, еңбек жетістігі туралы еркін қы-

сылмай әңгімелеп отыр.

Ысқакова — 1969 жылы «1 Май» совхозы қыздарының «Селоға тұрады екенсің, техниканы меңгер» деген ұранына сәйкес біз де №16 орта мектебінің бітірушілері осы үнеуді қолдадық. Осы жылы 6 қыз совхозда ашылған механизаторлар курсын бітіріп шықтық. Коммунист Қапан Біләлов бастаған жастар бригадасы осы көктемде алғаш рет трактор рөліне отырдық. Содан бері осы бөлімшеде еңбек етіп келемін. МТЗ «Беларусымен» бидай септім, күндік норманы 6 гектардың орнына 10-13 гектарға орындап жүрдім. 1972 жылы совхозымызда үлкен қуаныш болды. Отанымызға миллион пұт астық тапсырдық. Осы жылы маған Отанның жоғары наградасы тапсырылды. 1973 жылы совхоз еңбеккерлері мені облыстық Советке депутат етіп сайлады...

Тіліші: — Депутатпын дегенде құлағымыз елен ете қалды. Іле былай деп сұрақ қойдық:

— Өзіңе жүктеген сайлаушылардың аманаты да баршылық қойау?

— Аманат арқаламаған депутат депутат па? Маған «Бесоба» совхозына дейін грейдер асфальт төсету жүктелген. Қазір жолға құм төгіліп жатыр. Өздеріңіз де байқаған шығарсындар. Соның бәрі — менің өміріммен істеліп жатқан нәрсе, — деп сөзін әзілдей аяқтады.

Әңгіме арасында бізге жолбасшы болып келген совхоз комсомол ұйымының секретарі Сабыржан Нұрмағанбетов Әсияға қарап:

— Сен ертеңгі дайындыққа қатысатын бол. Ол — біздің соңғы әзірлігіміз. Бесінші декабрь күні совхоз жұртшылығы алдында ұятқа қалып қойып жүрмелік, — деді.

— Мен оған қатыса алмаспын. Өйткені, ертең станцияға аттанбақшымын. Кеше екі вагон сабан келіпті. Директор осы жетінін ішінде тасып бітіру керек деп отырған.

— Директормен өзім сөйлесермін. Сенің орнына басқа біреуді жібере тұрар. Ал, бірақ, ертеңгі дайындықтан қалып қойып жүрме, — деп секретарь қайталап ескертті.

Ертеңінде кешке қарай клуб үйіндегі жастардың дайындығына қатыстық. Ұлттық киіммен құлпырып шыға келген Әсияны танымай қалдық. Ол бізге күлімсірей қарап, амаңдық ишаратын жасады да, әнін бастап кетті.

Дүр еткен трактор даусы маңайдағы көршілердің таң алдындағы тәтті ұйқысын шайдай ашты. Ықшам киінген Әсия лып етіп кабинаға отырды да, станцияға қарай бет түзеді. Құрметті Әсия, мына бір ән өзіңізге арналады.

Суреттер «Ortalyq Qazaqstan» газетінің мұрағатынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Қарағаш мектебі қара үзді

Қарқаралы қаласының Ә.Ермеков атындағы №2 жалпы білім беретін мектебі базасында «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің ұйымдастыруымен 4-сынып оқушыларына арналған «Зерделі ұрпақ» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңі өтті.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Олимпиадаға аудандық кезеңге өткен 10 мектептің командалары қатысты. ІІІ орынды Бесоба ауылының №8 ЖББ тірек мектебі (РО), Аппаз ауылының Р.Сағымбеков атындағы №18 ЖББ мектебі, Бүркітті ауылының №20 ЖББ мектебі және Қарқаралы қаласының М.Бәпиұлы атындағы №44 ЖББ тірек мектебі командалары өзара бөлісті.

ІІ орынды Тегісшілдік ауылының №6 ЖББ мектебі, Ақжол ауылының Ә.Бүркітбаев атындағы №12 ЖББ мектебі және Егіндібұлақ ауылының Қ.Смайылов атындағы №43 ЖББ тірек

мектебі командалары иеленді.

І орынға Қарқаралы қаласының О.Жауітқов атындағы №1 ЖББ мектебі мен Балкантау ауылының №33 ЖББ мектебі командасы көтерілді.

Бас жүлде Қарағаш ауылының ға-сырлық тарихы бар №28 негізгі орта мектебі командасына бұйырды. Қарағаштықтар олимпиаданың облыстық кезеңіне жолдама алды.

Жас математиктерді колдауға келген ата-аналар командаларды олимпиадаға дайындаған жетекшілерге және жарысты ұйымдастырушы «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің жұмыс тобына алғыс білдірді.

• КЕЗДЕСУ

Қуанышпен жүздесу қуаныш сыйлады

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» және Қазақстан халқының Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Адал еңбек пен ынтымақ – ел игілігі» жобалары аясындағы онды шаралар Нұра ауданында жалғасын тапты.

Жобаның авторы, халықаралық, республикалық ақындар айтыстары мен фестивальдарының лауреаты, ҚР Мәдениет саласының үздігі, ақын, бард, қоғам қайраткері Қуаныш Максұтов Нұра ауданы жұртшылығымен кездесті. Ақын еңбектің қадірі, отансүйгіштік, адамгершілік, бірлік пен ынтымақ түсініктерінің маңызы, туған өлке тарихы мен тұлғалары жайлы әсерлі ой өрбітті. «Қазақтың Сары тентегі» атанған ақын жиналған жұрттың көкейіндегі сұрақтарына жауап беріп, еркін пікір алмасты. Нұра өңірінен шыққан, аудан мен еліміздің өркендеуіне еңбегін сіңірген Алашқа егілгі қайраткерлер мен еңбек адамдарын дәріптеп, қазақ халқының сал-серілік дәстүрінде өткен кездесу-

дің қонақтарына атқарған ісімен елге үлгі болған, өмірін адал еңбекке арнаған аудан ардагерлеріне облыс әкімінің колдауымен жарық көрген кітабын сыйға тартты.

Ақынның жүрекке жеткен жырлары мен туындылары, өнер майталмандары орындаған әсем ән-күйлер тыңдарманға мол әсер сыйлады. Іс-шара барысында аудан өнерпаздары әнші Амангелді Шахарбаев, күйшілер Нұрсұлтан Есенов пен Қайрат Жақып ұлттық өнеріміздің құдіретін паш етті.

Кездесу соңында аудан әкімі Бакытжан Мұқанов ақын Қуаныш Максұтовқа нұралықтар атынан ризашылығын білдірді.

Өз тілшімізден

• «ҚАРҚАРАЛЫ» ГАЗЕТИНЕ – 95 ЖЫЛ

Аймақтың абыз басылымы

Қарқаралы аймағының айнасы болған, өңір шежіресін тасқа басқан, орталық Қазақстандағы ең көне басылым – «Қарқаралы» газетіне 95 жыл толды. Тамырын тереңге жайған газет замана дәуірімен үндесіп, қоғам тынысын тамырындай тап басып, ғасырға жуық елмен бірге жасасып келеді. Қазақ журналистикасында өз орнын, өз биігін айқындаған аға басылым әлі күнге дейін елдің мұнын мұңдап, жоғын жоқтайды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Басылым алғаш рет 1930 жылдың 7 қарашасында жарық көрген. Содан бері газет талай нәубетті жылдардың тарихын тасқа қашап, күні бүгінге дейінгі аймақтың тыныс-тіршілігін жариялады.

Алғашқы нөмірі «Еңбек туы» деген атпен жарық көрген, біраз уақыт өткен соң «Еңбек майданы» атанып тарады. Орталық Қазақстандағы ең көне басылым болған газет кезінде округтік, ауданаралық газет болды. Ең көне аталатын себебі – аудан орталығы Қарқаралы өлкесі де – Орталық Қазақстандағы байырғы қалалардың бірі саналады. Бұрын «Еңбек туы», «Еңбек майданы» деген атаумен шыққан газет Қарқаралы, Баянауыл, Абыралы, Шұбартау, Қоңырат, Шет, Ақтоғай, Балқаш, Жаңаарқа, Қу (бұрынғы Егіндібұлақ) аудандарына тараған. Өткен ғасырдың алғашқы ширегінен бері қарай 95 жыл бойы тұрақты жарияланып, осы мекеннің бас басылымына айналды. Бүгінге дейін 12 мыңнан астам саны жарық көрген екен.

Газет тігінділерінде ұлылардың ізі сайрап жатыр. Редакцияда кызмет еткен әр қаламгердің сөзі мен салмақты ой орамдары басылымда жарық көріп, мәңгіліктің еншісіне ескерткіш болып қалды.

Әуел баста газеттің тұңғыш редакторы Жұмабай Орманбаевтың жетекшілігімен арна тартқан дәстүр ширек ғасырда Қосан Садуақасов, Әбікен Бақтыбаев, Оспанбай Орынтаев, Шәймерден Сатыбалдин, Заман-

бай Ігілікөвтен Назипа Асқарова, Рымбек Смағұловқа ұласып, бүгінгі күні Құрманғазы Өтебайға жалғасқан. Сонымен қоса, өзіндік қолтаңбасымен дараланатын Айташ Омаров, Шаймарал Ескербаев, Максұм Омарбеков және басқа да алып тұлғалар мен қаламы жүйрік журналистер қызмет етті. Бүгінде сол үрдісті Ермек Балташұлы, Меруерт Балкеева, Дилира Арғын жалғап келеді.

Қазақстанның Құрметті журналисі Рымбек Смағұлов «Қарқаралы» газетінің ғасырға жуық ғұмырында бүгінгі редакторға дейін 17 басшы қызмет еткенін санамалап береді. 2021 жылы газет тізгінін қолына алған Құрманғазы Өтебай тарихтан тамыр тартқан газеттің жазба дәстүрін заманға сай бейімдеп, ерекше форматта (Д2 форматта) шығаруда. Апта сайын жарық көретін басылымда Қарқаралы өлкесінің қат-қабат мәселесін өрнектеген кестелі тіл шенеуніктерді қалай шағып алғанын байқамай қаласын. Мұның салмағын газеттің әлеуметтік желідегі оқырманы бағамдап береді. Өлкенің бас басылымында өңір халқының жанай-қайы, жол жөндеу, ауыз су, көріз жүйесі т.б. мәселелер жиі көтеріліп, шешімін табуға атсалысуда. Газет бетінде түрлі тақырыптағы сараптама, шолу, публицистикалық мақалалар жарияланады. Автор сонымен қоса, Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген деректі фильмдер түсіретін «Qaqan production» жобасын қолға алыпты. Бұл ел топырағынан ұлттық құндылықтарды талмай іздеген

• РЕСМИ

Мемлекеттік қызмет көрсетуде сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бұл тек мемлекеттік деңгейдегі міндет емес, бұл қоғамның, әрбір азаматтың жауапкершілігі мен ұстанымы болуы тиіс. Жұмылдырған ортақ күш-жігеріміз арқылы ғана жемқорлықсыз орта қалыптастыра аламыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында, Ұлттық Құрылтай отырысында еліміздің даму қарқынын тезірек отырған ескі әдіс-тәсілдерден арылып, жаңа, өркеніетті бағытқа көшу қажеттігін қадап айтты. Кезек күттірмейтін шаралар – әр салаға жасанды интеллектіні енгізу, энергетика мен ауыл шаруашылығын дамыту. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің саладағы басты стратегиялық саясатының қатарына Агронеркәсіптік кешенді жаңа технологиялармен жаңғырту, ғылым мен қайта өңдеуді дамыту, экспортқа бағдарлану, ауыл еңбегін кооперациялау, суды үнемді пайдалану мен бірге азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында фитосанитариялық жүйелерді нығайту болып табылады. Облысымыздың фитосанитариялық жағдайды бақылап, қадағалау шараларын қамтамасыз ету агроөнеркәсіптік кешендегі аумақтық инспекцияларына жүктелген, бұның бір бағыты өсімдік шаруашылығына тиесілі ауыл шаруашылық өнімдерін Республика аумағынан шет елдерге экспортқа шығарған уақытта, сырт мемлекеттерден елімізге өнімдерді импорттаған кездерде рұқсат құжаттарды рәсімдеу жұмыстары.

Биылғы жаздық маусым өсімдік шаруашылығына толық қолайлы болмаса да ұсынылған заманауи технологияны ұстанған, суармалы егістікпен айналысатын дикандр жоспарлаған өнім көлемдеріне қол жеткізіп отыр. Облыс аумағында өсірілетін дәнді дақылдар мен шығарылатын өнімдер – бидай, арпа, зығыр, жасымық, бидай ұны, кебек, азықтық картоп басқа мемлекеттерден үлкен сұранысқа ие болып тұр. Осы кезеңге басым бөлігі Ресей, Ауғанстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Италия, Германия, Бельгия, Польша сияқты мемлекетке жөнелтілуде. Бұл өнімдерді инспекция спецификасында «карантинге жатқызылған өнім» деп аталады. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге экспорттаған кезде, сондай-ақ, шет елдерден өнімдерді импорттаған уақытта өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады. Импорт арқылы облыс аумағына жеміс-жидек, көкөніс, жарма түрлері, ағаш материалдар көбіне Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Польша және гүл кесінділері мен құмырадағы гүлдер Нидерланды, Колумбия, Кения, Израиль, ОАР, Қытай, Эквадор мемлекеттерінен жеткізілуде.

Карантинге жатқызылған өнім, сондай-ақ, көлік құралдары карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлерінен таза

болуы тиіс. Мысалы карантинге жатқызылған өнімді елімізден тыс жерлерге әкетуге импорттаушы елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкес инспектордың өнімнің жәй-күйі тиянақты қаралуымен берілген фитосанитариялық сертификат болған кезде рұқсат етіледі. Өнімді импорттаған кезде экспорттаушы елдердің ұлттық карантин қызметтерінің фитосанитариялық сертификатын түп нұсқасы болуын және ілеспе тауарлық-көлік құжаттарымен сәйкестігі тексеріліп барып, бақылау қадағалау барысында карантинге жатқызылған өнімдердің қаптамаларында таңбалануының және өнімдерде карантиндік объектілердің бар-жоғы тексеріліп, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау әктісі рәсімделеді. Биылғы жылдың 10 айында мемлекеттік қызметтерді көрсетуге Egov.kz арқылы және тікелей аумақтық инспекцияларына 2780 өтінім келіп түсті, нәтижесінде 10066 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында, 10066 фитосанитарлық сертификат және 245 мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартулар рәсімделсе, атқарылған қызметтер сапасына арыз-шағымдар түскен жоқ. Инспектордың аталған қызметті көрсету кезінде сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері жоғары болатыны анық. Жемқорлықтың алдын алу үшін алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қажет. Бұл жұмыс әрине, мемлекеттік қызметші алғашқы қызметке келгеннен бастап қолға алынуы тиіс. Мұндағы мақсат – адалдық, әділеттілік пен парасаттылық қағидағаттарын жаңадан келген қызметшінің бойына сіңіру, сонымен, сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін жою, жемқорлыққа итермелейтін жолдар мен себептерді жойып құқық бұзушылықтарға тосқауыл қою. Осы нәтижелерге қол жеткізу үшін саламызда тиісті заңнамалық шаралар қабылданып, инспекцияның рұқсаттама жүйесі кезең-кезеңімен цифрландырылуда. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында тауар өндірушілерге, жеке және заңды тұлғаларға үнемі түсіндіру-ағарту іс-шаралары өткізіледі. Ағымдағы жылы 38 «дөңгелек үстел» мен кеңестер өткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдарында 6 мақала, Facebook мен Instagram желілерінде 124 материал жарияланды. Жемқорлықпен күрес жолында еліміз әлемдік үздік мемлекеттердің тәжірибелерін өз жағдайына бейімдеп келеді. Кейбір мемлекеттерде басымдық алдын алу шараларына берілсе, басқаларында – қатаң жазалау әдістеріне сүйенеді. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, түрлі

тәсілдердің үйлесімі ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жыл басынан сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алуға бағытталған облыстық, қалалық және аудандық аумақтық инспекцияларында 993 іс-шара өткізілді: оның ішінде, жалпыға бірдей құқықтық оқу сабақтары – 135, инспектормен жеке әңгімелесу – 576, әлеуметтік желідегі жарияланымдар – 89, «Antikor. Live» жобасы шеңберінде тікелей эфир режимінде баяндама жасау – 13, прокуратура, мемлекеттік органдардың қатысуымен өткізілген «дөңгелек үстел» форматындағы іс-шаралар – 75. Сонымен қатар, мемлекеттік органдармен 93 семинар-кеңестер өткізілсе, облыстық, аудандық орталық газеттерге осы тақырыпта 12 мақала жарық көрді. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларымен лауазымдық міндеттемелерді атқару барысында кәсіпкерлік субъектілермен тікелей байланыс болғандықтан арнайы жұмыс тобымен инспекциялардың қызметтеріндегі сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіліп, оның қорытындылары бойынша жемқорлық тәуекелдерін азайту жөнінде Мемлекеттік инспекция комитетіне нақты ұсыныстар жолданды және қызмет алушылардың өтінішін қабылдауға және қорытындыларын беруге «бір терезе қағидасы» ұйымдастырылды.

Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру аясында ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» жаңа заң жобасы әзірленуде. Республика Президентінің «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидасы мемлекеттік аппараттың жұмысын ашықтыққа, адалма, ел азаматына бағдарланған. Жаңа заң жобасында отансүйгіштік, ашықтық пен кәсібилік, клиентке бағдарлану мен құқық бұзушылыққа төзбеушілікті қамтитын талаптар заңнамалық тұрғыда бекітілмек. Бұл шаралар мемлекеттік органдардың қызметіне қоғам сенімін арттыруға ықпал ететіні анық. Сондықтан заңдылықтарда болып жатқан жаңашылдықтарды сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау, алдын алу үшін үнемі аумақтық инспекциялар қызметкерлерінің назарларына жеткізіледі.

Парасыз адал еңбектің беделін көтере отырып, біз адамның қоғамға қосқан үлесі негізінде құрметке лайық болатын құндылықтарды қалыптастырып, заң аясында өмір сүріп, тәртіпке құрметпен қарасақ, сыбайлас жемқорлық мәселесі өзектілігін жоғалтпай. Сондай кезде бұл дерт үйренішті құбылыс емес, жиіркенішті әрі айыпталатын әрекет ретінде қабылданады.

М.ЖУМКИН,
ҚР АШМ АӨК МИК
Қарағанды облыстық аумақтық инспекция басшысының орынбасары



«Қарқаралы» газетінің бел баласы.

– Қарқаралы өңірі – талай ұлылардың кіндік қаны тамған киелі жер. Әр ауылынан шыққан кесек-кесек тұлғалар өңірдің ғана емес, күллі республиканың мақтанышы. Ал олардың еңбегі мен шығармашылығы газеттің бір-бір нөміріне татиды. Қарқаралы – руханияттың ордасы болғандықтан, газет бетінде мәдени-рухани тақырыптар жиі жарық көреді. Бүгінде республикаға танымал, сұлу сөзден маржан терген ақындардың алғашқы тұсауын кескен осы «Қарқаралы» газеті болатын, – дейді бас редактор Құрманғазы Ғазизұлы.

Сонымен қоса, ол «Жазба журналистика ешқашан өлмейді. Оқырманның үлесінен ыңғу үшін газет те, журналист те әмбебап

болуы қажет» деген пікірде. 90-жылдары коммуналдық қазынашылдық мекеме болып құрылған газет редакциясы 2012 жылы жауапкершілігі шектеулі серіктестік мәртебесін иеленген. Цифрлық БАҚ өрістеген кезеңде «газет оқымайды» деген пікір қылаң береді. Десе де, жазбаша журналистика бұқараға жақындығын жоймақ емес.

2021 жылы аудандық және қалалық газеттер жекеменшікке өтіп жатқанда «Қарқаралы» газеті де сондай күйді кешкен еді. Сол кезде басшылыққа келген Құрманғазы Өтебай газет аяққа тұрып кеткенше жүйрік қаламымен тегін көмек көрсеткен әріптес достарына алғыс айтты.

Аудандық газеттерге жас журналистердің аз баратыны – басы ашық дүние.

«Шалғай аймақтарға жұмысқа келетін жас журналистер үшін «Дипломмен – ауылға!» секілді бағдарламалар неге жоқ?! Мемлекеттен қолдау болса ғана тарихи басылымның ізін жалғайтын, аудандық газетті одан әрі көркейтетін қаламгерлер келуші еді», – деп қынжылады бүгінгі басшы.

Әлемдік тәжірибе газеттің күні өтпегенін, қоғамды дамытуда әлі де өзекті орында екенін айқындап келеді. Орталық Қазақстанның абыз басылымы, аймақ жылынамысы болған «Қарқаралы» қоғамдық-саяси газеті қара орман оқырманымен бірге жасай береді.

Сурет «Қарқаралы» газетінің редакциясынан

• ДЕНСАУЛЫҚ

Медицина көкжиегі кең

Облыс әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, облыстық №1 көпсалалы ауруханада алғаш рет жоғары технологиялы стапедопластика операциясы жасалды. Құлақ сүйегін титан протезімен алмастыруға бағытталған ота бұған дейін тек елорда мен Алматыда жасалатын. Өңірде алғаш рет жүзеге асқан күрделі ота сәтті аяқталды.



Сурет облыс әкімдігі сайтынан

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Медицинадағы жаңа технологияның арқасында аймақ тұрғындары енді есту қабілетін қалпына келтіру мақсатындағы отаны өз өңірінде де

жасата алады. №1 көпсалалы ауруханада құлақтың ішкі құрылысын қалпына келтіруге арналған стапедопластика әдісі енгізілді.

Ота барысында есту сүйегінің қозғалысын қалпына келтіру үшін

оның орнына титаннан жасалған микропротез орнатылады. Мұндай тәсіл адамның есту қабілетін табиғи деңгейге жакын дәрежеде қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУЫ

Грант – мүмкіндік

Жастардың инновациялық идеяларын жүзеге асыруға жол ашқан «Приозерск қаласы әкімінің гранты» байқауы өз нәтижесін беруде. Жеңімпаз атанған жас кәсіпкерлер кәсіп бастап, табысты жұмысын жалғастырып келеді. Бұл бастама жастардың кәсіпкерлік әлеуетін арттыруға және өңір экономикасының дамуына серпін беруге бағытталған.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Байқау аясында жалпы сомасы 12 миллион теңге көлемінде грант бөлініп, ең үздік алты бизнес-жоба жеңімпаз атанған. Мамандардың айтуынша, биыл байқауға 35 жасқа дейінгі 35 жас кәсіпкер өтінім берген. Оның ішінде, 26 бизнес-жоба сарапқа ұсынылып, өзектілігі, әлеуметтік маңыздылығы және экономикалық тиімділігі тұрғысынан жан-жақты бағаланған. Конкурстық комиссия шешімімен алты қатысушы жеңімпаз деп танылды.

«Медина» егу кабинетін ашқан Амангүл Жұбатханова бұл істің тек табыс көзі емес, қоғамға пайда әкелетін, адамдардың өмір сапасын арттыратын маңызды іс екенін айтады. – Мен «Медина» егу кабинетін ашуға шешім қабылдадым. Бұл жобаға 1 миллион теңге көлемінде қаражат жұмсалды. Қазіргі таңда кабинеттің жұмысы тұрақты. Біздің мақсатымыз – тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсетіп, олардың денсаулығын қорғауға үлес қосу. Көптеген ата-аналар өз балаларының уақытты вакцина алуын қадағалай



алады, ересектерге де қажетті екпелер салынады. Алдағы уақытта қызмет аясын кеңейтіп, зама-

наун жабдықтармен қамтамасыз етуді жоспарлап отырмын, – дейді Амангүл Жұбатханова.

Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Айдын Аманқұлұлы бұл бастаманың жастарды нақты қолдаудың тиімді тетігіне айналғанын атап өтті.

– Біз жас кәсіпкерлердің жаңа идеяларын жүзеге асыруына жан-жақты қолдау көрсетуді жалғастырамыз. Биыл барлығы 11 миллион теңге көлемінде грант табысталып, үнемделген 1 миллион теңге жергілікті бюджетке қайтарылды, – деді Айдын Аманқұлұлы.

Байқау жеңімпаздары бүгінде өз жобаларын сәтті жүзеге асырып, жаңа жұмыс орындарын ашуда.


ПРИОЗЕРСК

Сурет автордан



Еске алу

Қадірменді күйеу баламыз, перзентіне ардақты әке, асыл жар – **Мейрам Какенұлы ТАШИМОВТІҢ** фәниден бақиға озғанына да, міне, қырық күннің жүзі болды.



Мейрам Какенұлы бар саналы өмірін отбасына, шәкірттеріне және спорт саласына сарп еткен атпал азамат еді. Ол тегінде көнігі спортшы мен бапкер ғана емес, адамгершілігі мол, сабырлы, сөзге сараң болғанмен, ісіне мығым, жөнекей адам көңілі қимас ерекше жан болатын. Оны бәріміз Мика деп еркелетіп атайтынбыз.

Мейрам баршамызға өзіндік парасат-пайымымен етжакын абзал ағамыздай болып кеткен-тін. Қасында жүрген әр адам оның кіршіксіз шынайы мінезін, ақжарқын адалдығын, құстың тұмсығындай ғана қас-қағым өмірге деген сырлы сүйіспеншілігін сезетін. Ол Г.Головкин секілді танымал спортшылармен етене таныс болып, жастарға өзгеше үлгі көрсете білді. Бірақ, бөрінен бұрын ол отбасына мейірімді жар, қамқор әке, арқасүйер азамат қалпымен есте қалды. Біз оны әрқашан сарғайған сағынышпен еске алып, жарқын бейнесін жүрегімізде мәңгі сақтаймыз.

Соңында қалған жары Айгүл мен ұрпағының амандығын, перзенттерінің бірлігін Алла Тағала нәсіп етсін. Жаны жәннатта, мәңгілік мекені нұрлы болсын!

Жанына жалау еткен адамдықты. Қабағы қас көретін қараулықты. Көзінен жігер алып шәкірттерін. Өзіңнен үйренген ед(і) адалдықты!


Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын ардақты Мейрам Какенұлы! Сарқылмас сағынышпен, қайынапасы – **Бақыт**, балдыздары – **Назым**, **Ләззат**, бажасы – **Асан**.

№424



Еске алу

Осыдан тура бір жыл бұрын ортамызды думанға толтырып, төрміздің сәні болып жүрген Қарқаралы ауданының тумасы – **Сәулеш Армияқызы ДОСМАҒАНБЕТОВА** өмірден өтті.



Әке-шешесіне сүйеніш, қызы Сабинаның ардақты анасы, бауырларына, туыстарына, достарына ақылшы, қамқоршы, ақкөңіл де мейірімді жан еді. Сүйкімді де сымбатты Сәулештен көз жазып қаламыз деп кім ойлаған... Қамшының сабындай қысқа құмыр шіркін, бір қарауға да мұрша бермей, қайырлымдай өте шығады екен ғой.

Егер тірі болғанда, алты айдан соң 60 жасқа толып, мерейлі тойын атап өтер едік. Бірақ Алланың жазуы – біреуге ерте, біреуге кеш. Сәулеш өз саналы құмырын елдік іске арнап, денсаулық саласында терең білімінің, кәсіби білгілігінің арқасында адал еңбегімен халыққа қалтқысыз қызмет етті. Ол – мейірімді, кең пейілді, кішіпейіл жан еді.

Сәулеш өмірінде өнегелі істерімен, сыйлы тұлғалық болмысымен бәріміздің жүрегімізде мәңгі сақталып қалды. Оның мейірімді жүзі мен ақ көңілін сағынамыз.

Көре алмай кеткен қызығын артында қалған қызы Сабина, бауырлары мен туған-туыстары көрсін. Баршасына зор денсаулық, ұзақ құмыр, баянды бақыт тілейміз.

Алла Тағала Сәулештің жанын жәннатта шалқытсын, иманын жолдас, топырағын торқа етсін.

Марқұмның жылдық асы 2025 жылдың 22 қараша күні, сағат 13:00-де, Қарқаралы қаласындағы «Аңсар» затымханасында өтеді.

Марқұмның рухына тағзым етіп, Құран бағыштауға барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, әріптестері мен бірге оқыған достарын, көзкөрген жандарды еске алуға шақырамыз.


Еске алушылар: әкесі – **Армия**, анасы – **Клара**, бауырлары, қызы – **Сабина** және **туған-туыстары**.

№422

ХАБАРЛАНДЫРУ	ОБЪЯВЛЕНИЕ
«Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ 2025-2027 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын түзету бойынша қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы «15» желтоқсанда сағат 15:00-де Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20 мекенжайы бойынша, мәжіліс залында өтеді. Қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасы арқылы бейнеконференциясына қосылу сілтемесі: https://us02web.zoom.us/j/87330254414?pwd=QoBHsS99xDFbcha425tluPLvBNpl0N.1 Конференция идентификаторы: 873 3025 4414 Қатысу коды: 1911 Қатысушыларды тіркеу қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін 1 сағат бұрын жүргізіледі (өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы қажет). Ескертулер мен ұсыныстар қағаз және электрондық түрде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын қабылданады.Ұсыныстарды Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталы арқылы және келесі мекенжай бойынша жолдауға болады: Қарағанды к., Лобода көшесі, 20 үй, тел.: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru Құжаттама келесі интернет-ресурстарда орналастырылған: Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында https://ndbecology.gov.kz/ және Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет-ресурсы – https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kk Ескертулер мен ұсыныстар аталған интернет-ресурстарда және келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды к., Лобода көшесі, 20 үй, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru	ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагадинской области» информирует о проведении общественных слушаний по корректировке Плана мероприятий по охране окружающей среды на 2025-2027 гг. Слушания состоятся «15» декабря 2025 года в 15:00 по адресу: г. Караганда, ул. Лободы 20, в актовом зале. Ссылка на подключение к видеоконференции слушаний через платформу Zoom: https://us02web.zoom.us/j/87330254414?pwd=QoBHsS99xDFbcha425tluPLvBNpl0N.1 Идентификатор конференции: 873 3025 4414 Код доступа: 1911 Регистрация участников осуществляется за 1 час до начала общественных слушаний (при себе необходимо иметь удостоверение личности). Замечания и предложения в бумажной и электронной форме принимаются в срок не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале – Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов и по адресу г. Караганда, улица Лободы 20, тел. 8(7212)56-81-66, e-mail expertiza.upr_krg@mail.ru. Документация размещена на экологическом портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» https://ndbecology.gov.kz/ и на официальном интернет-ресурсе Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Карагадинской области https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru, замечания и предложения принимаются на указанных интернет-ресурсах и по адресу: г. Караганда, ул. Лободы, 20, e-mail expertiza.upr_krg@mail.ru.

д

KazTransOil	ЕСКЕРТУ	ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА
«ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды және Ұлытау облыстарының аумағында «Павлодар-Шымкент», «Құмкөл-Қарақойын», магистральды мұнай құбырлары, ТООБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырымдық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгені ескертеді. КР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасына телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленді: 1) Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында – құбыр өсінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр өсінің әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі; 2) бір техникалық дәлізге төселген көп желілі құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың өстерінен 1) тармақшадан қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; 3) суасты өткелдері бойында – өткелдердің шеткі желілері өстерінің әрбір жағынан 100 метрге кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кенетсіз учаскесі түрінде; 4) өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде – аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа 50 метрге кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде; 5) бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар паркеттері, компрессорлық және газ тарату станциялары, өнім өлшеу торпарты, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады 6) орманы жок учаскелерде еліміздендерден тыс орналасқан жер асты қабілдiк және ауе байланыс желісі мен радиофикация – жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде 2 метр қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде. КР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӨЙКЕС 30-дан 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕТ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАЗІСТЗДІК-ТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТТЕРДІ САЛУҒА ТҰЙЫМ САЛЫНАДЫ	Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалпыты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде: • тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға; • кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін қиылуы пункттерінің қапқақтарын, қақпақтарын және есіктерін, желілік арматураның торан қоршауларын, катодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құрылыстары мен басқа желілік құрылыстарды ашуға, қрандр мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құрылдарын өшіруге; • түрлі қонқы суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйреткерлермен және тралдармен өтуге, теректітіп қазу мен жерге бытыру жұмыстарын жүргізуге; • от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға. Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынсыз: • «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластару және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қылыстарын орналастыруға; • бас өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жартылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агроэкономикалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспеген қандай да бір жұмыстарды орындауға; • магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдары қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда орте қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға; • кез келген құрылыстар мен ғимараттарды салуға; • автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;	• мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға; • «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістегуге; • ұңғымалардың, шұрфтардың құрылыстарымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезиялық және басқа іздеуші жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелермен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез келген объектілердің құрылысына тыйым салынады. Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар: • «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамға жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы берілген жағдайда ғана берілуі мүмкін. • кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға; • құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері КР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Құзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы. КР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері және КР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистральдық құбырлар» жергілікті биік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады. Заң, Кодек, Ережелер мен КР КЕ талаптарын бұзудышыстарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады. Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:



Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

«ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды мұнай құбыры басқармасы
100026, Қарағанды к., Гапеев көш., 4/3 Тел: 8 (7172) 55-52-57 – БДБ №7 техникалық учаскесінің диспетчері; 8 (71030) 2-60-95 – «Атасу» БМАС-тың операторы, 8 (7212) 98-22-41 – Қарағанды МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.

д

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Тұлға тағдырын арқау еткен

Кейінгі жылдары тарихи тұлғалардың өмірін өнеге етіп, театрда сахналау игі үрдіске айналып келеді. Өз саналы тұмырында халқына қалтқысыз қызмет қылған сондай өр тұлғаның бірі әрі бірегейі – Өзбекәлі Жәнібек. Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының бастамасымен мәдениет қайраткеріне арналған тұңғыш қойылым көрермен назарына ұсынылуда.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Күні кеше Арқа жеріне гастрольдік сапармен келген ұжымды қарағандылық көрермен ерекше ықыласпен қарсы алды. Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының үлкен залы лық толып, қойылым аншлаптен өтті. Басты рөлді сомдаған Диас Жағыпаров көрерменге Өзбекәлі Жәнібектің тұлғалық болмысын, елдік жолындағы ерлігін ерекше сомдап, көрермен көңілінен шықты.

Қойылым тұлғаның өмірі мен қоғамдық қызметін арқау етіп, сол кезеңнің тарихи шындығын көркемдікпен өрнектеді. Көрерменді терең ойға жетелеген туындыда Өзбекәлі Жәнібектің ел игілігі жолындағы еңбегі кеңінен көрініс тапты.

Кеңестік дәуірде қазақ жастарын білім мен мәдениеттен алыстатып, колхоз жұмысына үгіттеген саясатқа қарсы тұрған қайраткер ұлт болашағының қамы үшін күрескенін білеміз. 1970 жылы Торғай облысы құрылғанда, Өзбекәлі Жәнібек қызметі төмендеп, айдауға ұшырайды. Торғай өлкесінде қызмет қылған үш жыл ішінде Арқалық қаласында қазақ драма театрын, мұражай, филармония мен педагогикалық институт сияқты мәдени нысандарды ашып, аймақтың мәдени өмірін түлетті.

– Қойылымның басты мақсаты – тек Өзбекәлі Жәнібектің болмысын таныту емес, сол дәуірде ұлт рухын ұлықтаған тұлғалардың идеясының өміршеңдігін дәлелдеу. Абай айтқан-

дай, «Болмасаң да, ұқсап бақ» деген сөз бүгін де өзекті. Бүгінгі жастар да сол өр тұлғалардың өмірінен өнеге алып, елге қызмет етуге ұмтылса дейміз, – дейді қоюшы режиссер Берікқан Төкенов.

Сахналық туындының сценарийін Жандос Құсайынов жазып, жобаға Қайрат Кенжебекұлы жетекшілік етті. Қойылым соңында залдағы отырған жұртшылық көзіне жас алып, тебіреніс үстінде қошемет көрсетті.

Өзбекәлі Жәнібек – ұлттың рухын тірілтікен тұлға. Оның өмір жолы – елге адал қызметтің, қайсарлық пен парасаттың айғағы. Осындай сахналық туындылар арқылы өткеннің өнесін бүгінмен сабақтастыру мәдениет пен руханияттың басты міндеті.



• САМБО

Жерлестердің жеңісті жолы



Суретте ІІІ орын иегері М.Ержан

Қырғызстан астанасы Бішкекте ересектер арасында спорттық және жауынгерлік самбодан әлем чемпионаты өткен болатын. Байрақты бәсекеге ел атынан 28 спортшы сынға түсіп, екі алтын, екі күміс және сегіз қола жүлде қаныжғалады. Ал, облыс атынан ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен бес балуан бір алтын және үш күміс еншілеп, ел абайройын асқақтатты. Сонымен қатар, жауынгерлік самбодан 71 келіде белдескен Ниятхан Төлеухан облыс тарихында алғашқы болып, алтын медаль иеленіп, есімін аймақтың спорт шежіресіне алтын әріппен жазды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионатқа 74 елден 650-ден астам спортшы қатысқан. Байрақты бәсекеге облыстық «Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебінің» спортшылары жоғары деңгейде өнер көрсетіп қайтты. Атап айтсақ, жауынгерлік самбодан Ниятхан Төлеухан әлем чемпионы атанса, спорттық самбодан Жандос Бейсенбаев, Мәдина Ержан, Маргарита Бажаева сынды спортшылар қола жүлдені қаныжғалады.

Ниятхан өз салмағында төрт елдің спортшысымен күш сынасқан. Қарсыластарының бәрі осал емес. Бірінші күнгі Армения елінің спортшысымен, екінші күні Еуропа чемпионатының жүлдегері француз балуанымен белдескен. Десе де, жерлесіміз екі қарсыласын да қылқындыру әдісімен жеңіпті. Ал, ширек финалда былтырғы Әлем чемпионы Қырғыз балуанымен кездесіп, грэпплинг әдісімен айласын асырған. Ақтық бәсекеде былтырғы Әлем чемпионы түрік балуанымен бақ таласқан. Нәтижесінде, жекпе-жек соңына дейін жалғасып, кездесу 1:0 есебімен қарағандылық жауынгердің пайдасына шешілген.

– Осы турнир Ниятхан үшін оңай болған жоқ. Қарсыластарының бәрі – кіл чемпиондар. Әр ұрыс алдында оған ақыл-кеңесімді айтып, әр қарсыласына қандай айла-тәсіл қолдану қажеттігін ескертіп отырдым. Бірінші белдесуде барынша ашылып, аянбай ұрысу керектігін айттым. Себебі, бірінші жекпе-жек қалай басталса, турнир соңына дейін сол қарқынмен жүріп өтесін. Осы сөзімнен кейін бірінші күні керемет өнер көрсетті. Дегенмен, ең тәжірибелі қарсыласы қырғыз балуаны болды. Бұрын-соңды түрлі турнирлерде ұшырасып жататынбыз. Өте епті әрі мықты балуан. Бірақ, осы жолғы чемпи-

онаттың ширек финалына жарақатпен шыққан екен. Бұл жолы жеңіс біздің пайдамызға шешілді, – деді облыстық жауынгерлік самбо спортынан аға жаттықтырушы Қайрат Абдуллаев.

Ал, спорттық самбодан 80 келіде өнер көрсеткен Мәдина Ержан соңғы жұбаныш белдесуінде қарсыласынан айласын асырып, ел қоржынына кезекті қола жүлде салған спортшы. Жалпы, жерлесіміз – Азия чемпионы. Әрі әлем кубогінің қола жүлдегері. Өзі жарыс жолында төрт кездесу өткізіпті. Өуелі Нидерланды спортшысын тізе бүктірсе, артынша кубалық жауынгерді жеңген. Ал, үшінші белдесуде Беларусь елінің өкілімен кездесіп, жеңіліп қалады. Дегенмен, жерлесімізге жұбаныш белдесуі беріліп, қырғыз елінің жауынгерімен күрескен белдесуде жеңіске жетіп, ел қоржынына қола жүлде салды.

– Бұл – менің екінші әлем чемпионатым. Былтыр елордада өткен әлем біріншілігінде өнер көрсеткенмін. Өкінішке қарай, бірінші белдесуден-ақ жеңіліп қалып едім. Сол кезде Беларусь елінің спортшысынан жеңілген болатынмын. Осы жылы да үшінші жекпе-жекте дәл сол қарсыласыммен кездесіп, айламды асыра алмадым. Жұбаныш белдесуі мен үшін қиын жекпе-жектің бірі болды. Себебі, қырғыз қарсыласым әлем чемпионаты өз елінде өтіп жатқандықтан, жүлде үшін барын салды. Мен де чемпионаттан құр қол қайтпауым үшін күш-жігерімді сарп еттім. Жалпы, мені спортқа 10 жасымда әкем алып келген болатын. Дәл осы спортқа деген махаббатым сол кезден ашылды. Ендігі мақсатым – тағы да әлем чемпионатына қатысып, алтынның алқа тағу, – деді Мәдина Ержан.

Айта кетейік, ұлттық құрама жалпыкомандалық есепте ІІ орынға табан тіреді. Көш басына ресейлік балуандар шықса, үздік үштікті Қырғызстан спортшылары түйіндеді.

Сурет спортшының жеке мұрағатынан

• БАЙҚАУ

Түркістан төрінен марапат

Халықаралық «Turkestan Music Festival» байқау-фестивалінен облыстың өнерпаз жастары жүлделі оралды. Қарқаралы ауданының Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының шығармашылық ұжымы сайыста «Бірінші дәрежелі лауреат» атағын иеленді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түркістан қаласында өткен фестивальге көршілес Өзбекстан және Қырғызстаннан келген 52 шығармашылық ұжым қатысты. Қатысушылар «Вокал» және «Би» номинациялары бойынша өнер көрсетті.

Байқау-фестиваль ерекше қажеттіліктері бар дарынды жастарды қолдау және халықаралық мәдени байланыстарды нығайту мақсатында

ұйымдастырылған.

Қарқаралы ұжымы сахнада жоғары деңгейде өнер көрсетіп, қазылар алқасының жоғары бағасын алды. Квартет құрамындағы Яков Гертер, Елена Яхина, Саят Игіліков және Оксана Стульгит «Сезім» атты әнді орындап, көрермен ықыласына бөленді.

– Біздің өнерпаздардың өнеріне дүйім жұрт тамсанды. Николай Лысенко «В небе беркут» әні, ал, Зарина Усанова орындаған «Одинокая ветка

сирени» әні көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, соңынан ұзақ қол соқты, – дейді орталық директорының әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары Сабыржан Тайлықбаев.

Ол бұл жетістік тәрбиеленушілердің әрі педагогтердің еңбегі дейді. Сайыс соңында барлық қатысушылар медальдармен және арнайы дипломдармен марапатталды. Фестивальден кейін Қарқаралының жас өнерпаздары Түркістан қаласының тарихи орындарын аралады.

• ХОККЕЙ

«Ертісті» есеңгіретті

Хоккейден ел чемпионатының да аяқталуына көп қалған жоқ. Бақсақ, 10 ойын қалған екен. Ал, қарағандылық «Сарыарқаның» ойыны былтырғыға қарағанда көңіл қуантарлық. Күні кеше өз айдынында павлодарлық «Ертісті» қабылдап, 10:0 және 12:0 кездесімен жеңіске жетті. Сәйкесінше, турнир кестесінде үздік үштіктің қатарында.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ертіс – сонау жылдары, атап айтсақ, 2019-2020 жылғы маусымда тамаша өнер көрсеткен клуб. Тіпті, соңғы турға дейін чемпиондықтан үмітті еді. Тек, сол жылы бар болғаны бір ұпай айырмашылығымен көкшетаулық «Арланнан» қалып қойып еді. Содан кейін павлодарлықтар ел чемпионатының үздіктер қатарына іліге алмай жүр. Нақты айтсақ, «Қауіпті аймақтан» әрі аса алмай келеді. Быылғы чемпионатты да ең соңғы орынмен аяқтап қалуы да бек мүмкін...

Быыл қарсыластар маусым басында павлодарлық «Құлатерге» қарсы ойыннан бастап еді. Қос кездесуде де жеңіліп қалды. Содан бері жеңген клубтарының қатары аз. Бүгінде олар чемпионат аясында 20 кездесу өткізіпті. 20 ойында небәрі бес ұпай ғана еншілей алған.

Ал, қарағандылықтарға – ұпай қажет. Мақсат – чемпиондық атақ. Сондықтан, олар соңғы турларда тек жеңулері қажет. «Сарыарқаның» жанкүйерлер өз айдынында ауыздық салдырмайтынын жақсы біледі. Бұл жолы да олар жанкүйерлерін жерге қаратпады. «Ертіске» қарсы өткен кезде-



судің бірінші ойынында алаң иелері 10 шайба салып, ірі есепті тіркеді.

Қарымта кездесуде де 12 шайба салып, кешегісінен асып түсті. Жалпы, хоккей жанкүйерлері қарымта кездесулердің тартысты өтетінін жақсы білетін-ді. Бірақ, бұл жолы олай болмады. Қарымта кездесуде жерлестер керісінше, қарсыластардың осал тұсын тапқан секілді. Шайбаны бірінен соң бірін тоғытып, жанкүйерлерге ерекше эмоция сыйлады.

Бүгінде турнирлік кестенің көшін елордалық «Nomad Astana» клубы бастап тұр. Еншілерінде – 46 ұпай. Дегенмен, бұл клубтың әлі де ойналмаған екі ойыны бар. Ал, екінші сатыға қарағандылықтар жайғасса, ІІІ орында 40 ұпаймен өскемендік «Torpedo» клубы. Айта кетейік, олардың да әлі ойналмаған екі ойыны бар. Үздік үштіктің қатарындағы клубтар басқа клубтарға қарағанда әлдеқайда көш ілгері. Яғни,

ұпай айырмашылығымен бір қадам алға шығып кеткен. Сондықтан, биыл чемпиондыққа «Сарыарқа» таласып қалады деген сенім мол. Ол үшін қалған ойындардың бәрінде тек жеңіс қажет.

Айта кетейік, өз алаңында «Сарыарқа» шабуылшылары – олжалы. Олай дейтінім, соңғы қос ойында шайба салып, көзге түскен ойыншылар сұрмергендер тізіміндегі орнын жаңартты. Атап айтсақ, жалпы 33 ойынға қатысып, 12 шайба салып, 21 пас берген шабуылшы Артем Лихотников көш басына шықты. Одан кейін, 31 ойында 10 шайба салып, 21 пас берген әріптесі Александр Борисевич те өкшелеп келеді. Ал, 28 ойында 17 шайба салып, 11 пас берген Данила Қарабан бұл тізімде алтыншы сатыда тұр.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген				«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 495 №125 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды к., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА		Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ							
Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ									
Директордың орынбасары Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА									